



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ  
ДАМУ МИНИСТРЛІГІ



**ҚҚДИ**  
РУХАНИ ЖАҒЫРУ

Қазақстандық  
қоғамдық  
даму  
институты



# АГРЕССОРЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛ

НҰР-СҰЛТАН қ., 2019 ж.

**УДК 316**  
**ББК 60.52**  
**М 54**

**М 54 Агрессорлармен жұмыс жөніндегі әдістемелік құрал/**

К.Б. Ойшыбаев, А.С. Кайдарова, А.И. Досмухамбетова –

Нұр-Сұлтан: 2019. – 73 б.

**ISBN 978-9965-23-559-7**

Әдістемелік құралда жеке басқа қатысты зорлық-зомбылық пен теріс қылықтар болдырмауда және оны алдын алуда психологиялық әдістерді қолданудағы теориялық және қолданбалы мәселелер ашып көрсетіледі.

Құралда агрессорлармен жұмыс жасау жөніндегі отандық және шетелдік теория мен практикада қол жетімді озық тәжірибелер орын алған теориялық жұмыстар ұсынылған. Әдістемелік құрал агрессорлармен және олардың зардап шеккендермен жұмыс жасау үшін (оңалту) дағдарыс орталықтарының қызметкерлеріне көмек үшін бағытталған.

**УДК 316**  
**ББК 60.52**

**ISBN 978-9965-23-559-7**

# МАЗМҰНЫ

ГЛОССАРИЙ.....	5
КІРІСПЕ.....	8
I. АГРЕССИВТІЛІК, ОНЫҢ ОТБАСЫНДА	
ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ .....	14
1.1 Отбасындағы зорлық-зомбылық түрлерін жіктеу және олардың сәйкестендіру тәсілдері .....	14
1.2 Агрессорлардың типологиясы, агрессияның себептері .....	18
1.3 Психологиялық портретті анықтау мақсатында олардың диагностикасы мен өзіндік диагностикасы .....	22
II. ОТБАСЫНДАҒЫ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ	
АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ ЖӨНІНДЕГІ	
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСТАНЫМДАР .....	28
2.1 Өз жақындарына қатысты зорлық-зомбылықты қолданатын агрессорларға арналған түзету бағдарламасы .....	28
2.2 Агрессорлардың әртүрлі санаттарымен жұмыс жасаудың ерекшеліктері .....	38
III. ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ	
АЛДЫН АЛУДЫ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ	
(әкімшілік жауапкершілік, профилактикалық әңгімелер, ескерту, есепке алу, ұйғарым) .....	41
IV. АГРЕССОРЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ	
ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ .....	45
ҚОРЫТЫНДЫ.....	52
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ .....	54
ҚОСЫМША.....	57



# ГЛОССАРИЙ

**АГРЕССИЯ** – бұл субъектінің (субъектілердің) тірі немесе жансыз объектіге оның статус-квосын (яғни, істің ағымдағы, қазіргі, табиғи немесе психикалық жағдайын) өзгерту мақсатында қасақана зорлық-зомбылық көрсетуі [31].

**АГРЕССИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚ** – жеке адамның өз агрессивтілігін белсенді пайдаланып немесе көрсете отырып, басқа адамдарды бағындыруға ұмтылуымен сипатталатын мінез-құлық [30].

**АГРЕССИЯЛЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ** – адамның деструктивті әрекеттері мен іс-әрекеттерінің жиынтығы.

**АТТИТЮД** – субъектінің белгілі бір әлеуметтік мінез-құлықты жасауға бейімділігі.

**АУТОАГРЕССИЯ** – адамның өзіне бағытталған агрессиясы, өзіне дене жарақатын келтіруде көрініс табады, сондай-ақ адамның бойында өзін үнемі жазалайтын, өзіне көңілі толмайтын сәтсіздіктің белгілерін қалыптастырады.

**АФФЕКТАЦИЯ** – жасанды түрде жасалған жоғары көңіл-күй және желігу сезімі, қандай да бір сезімнің, көңіл-күйдің асыра сілтеп, назар аудара отырып, көрініс табуы.

**ДҰШПАНДЫҚ АГРЕССИЯ** – агрессор тарапынан қандай да бір пайда табу ниетінсіз зардап шегушіге зақым келтіруге немесе ауыртуға бағытталған агрессия түрі.

**ГЕТЕРОАГРЕССИЯ** (гетеро + лат. aggressio) – агрессивті мінез-құлық түрі – субъектінің басқа адамдарға бағытталған агрессивті іс-әрекеттері.

**ҮЙДЕГІ (ОТБАСЫЛЫҚ) ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ** – отбасындағы балаға немесе ересектерге психологиялық, табиғи немесе жыныстық зорлық-зомбылық жасау. Бұл жағдайда физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық жиі үйлесім табады. Үйдегі зорлық-зомбылық қорқыту, қорқыныш жасау және құрбанды бақылауға алу үшін жасалады. Кейбір ата-аналар өз беделін арттыруға, ал кейбір ерлі-зайыптылар – адалдық пен жұбайының адалдығын қамтамасыз етуге ұмтылады [1].

**ДУАЛЬЮНИОН** – өмір сүру стиліне із салатын өзара агрессиямен анасына немесе әкесіне ұнамсыз байлану.

**АСПАПТЫҚ АГРЕССИЯ** – агрессорға құрбанның ыңғайсыз жағдайда қалуымен байланысты емес белгілі бір сыйақы немесе артықшылық беретін агрессия түрі [2].

**ЖҰМЫСТАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ (МОББИГ)** – жиі қорлау, шындықты жасыру, жалған хабар-отар тарату, өсектеу, қысым жасау формасындағы психологиялық зорлық-зомбылық. Қызметкерлер арасында және қызметкерлер мен басшылық арасында болады.

**ЖАҒЫМСЫЗ АГРЕССИВТІЛІК** – бұл басқа адамдарда психикалық ыңғайсыздық тудыратын адамның мінез-құлқы. Жағымсыз агрессивтілік кек алу, айналасындағылардың пікіріне төзбеушілік сияқты ерекшеліктерді қамтиды.

**ӨШПЕНДІЛІК** – адамның біреуге немесе бір нәрсеге деген өте айқын, агрессивті-теріс қарым-қатынасын көрсететін сезім, сондай-ақ одан тиісті объектіге зиян келтіру, қиыншылықтар туғызу ниеті байқалады. [3].

**ЖАҒЫМДЫ АГРЕССИВТІЛІК** – бұл басқа адамдарды сәл ыңғайсыз жағдайға қалдыра отырып, қалаған мақсатқа жетуге көмектесетін мінез-құлық: табандылық, біреуді қорлау және қайрат көрсету. Бұл қасиеттер агрессорға мақсатқа жетуге көмектеседі, бірақ барлық жағдайларда қажеттілік тудырмайды.

**ПРОАКТИВТІ АГРЕССИЯ** – сыртқы бекітулермен бақыланатын және қалаған мақсатқа жету құралы ретінде пайдаланылатын саналы, табанды іс-әрекеттер; агрессивті мінез-құлықтың нәтижесін (әсіресе 9 жасқа дейінгі ұлдарда) құрдастары жақсы бағалай алады; әлеуметтік басымдықпен корреляциялайды.

**ПСИХИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ЗАТ** – орталық жүйке жүйесінің жұмыс істеуіне әсер ететін, кейде сананың өзгерген жағдайына дейін психикалық жағдайының өзгеруіне әкеп соғатын табиғи немесе жасанды текті кез келген зат (немесе қоспа), Бұл өзгерістер оң және теріс сипатта да болуы мүмкін.

**ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ** - адамды қорқыту, қорлау, бопсалау арқылы адамның ар-намысы мен абыройын кемсіту, психикасына қасақана әсер ету немесе құқық бұзушылықтарды жасауға және адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және тұлғалық дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру).

**РЕАКТИВТІ АГРЕССИЯ** – қандай да бір сыртқы тітіркендіргішке (жанжал, ұрыс-керіс және т. б.) берілетін жауапты әрекет.

**САРКАЗМ (МЫСҚЫЛ)** (грекше. саркаσμός, сарκάζω сөздерден) – бұл адамның, қандай да бір құбылыстың немесе заттың кемшіліктерін көрсететін сатиралық келеке мазақ қылудың бір түрі.

**СЕКСУАЛДЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ** - адамның жыныстық тұтастығы мен жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін заңсыз қасақана жасалған іс-әрекет, сондай-ақ кәмілетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.

**ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ** – көшеде, көлікте және басқа да қоғамдық орындарда бейтаныс адамдар тарапынан көрсетілетін психологиялық, табиғи немесе жыныстық зорлық-зомбылық [4].

**ФИЗИКАЛЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ** - дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру.

**МЕКТЕПТЕГІ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ (БУЛЛИНГ)** – балалар арасындағы немесе мұғалім мен оқушылар арасындағы табиғи немесе психологиялық зорлық-зомбылық. Қарым-қатынастың бағдары әртүрлі: мұғалім тарапынан балаларға зорлық-зомбылық көрсету, оқушылар тарапынан мұғалімге зорлық-зомбылық көрсету, баланы сыныптастарының кемсітуі, бір оқушыға басқалардың жабылып зорлық-зомбылық жасауы.

**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ** – адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру [5].

## КІРІСПЕ

Қазіргі заман адамдарға өздерін неғұрлым қауіпсіз, жайлы сезіну мүмкіндігін берумен қатар, агрессия мен ашық шабуыл тәрізді әртүрлі жағымсыз реакцияларды да қатар туғызуда. Өркениеттің дамуы барысында адамдардың агрессиясы азайды десек те, өзіне немесе жақын туыстарына қауіп төнген жағдайда не тұрақтылық жағдайы жоғалса, агрессиялық реакциялар қайта жандана түседі.

Бүгінгі таңда дүние жүзінде өмірдің барлық саласында толықтай немесе ішінара тұрақсыздық байқалуда және зорлық-зомбылықтың әр түрлі көріністерін насихаттау арқылы бұл жағдайды көптеген бұқаралық ақпарат құралдары онан сайын ушықтырып отыр.

Әрине, мұның бәрі адамның психикасына теріс әсер етіп, күйзеліс, мазасыздық, ашушаңдық туғызып, ал мұның өзі адамдардың мінез-құлқында және іс-әрекетінде міндетті түрде өз көрінісін тауып, оларда тұрақты жеке сипат - агрессивтілікті қалыптастырады.

Бірақ, агрессия мен агрессивтілікті адамның өмірін бұзуға әсер ететін жағымсыз құбылыс деп біржақты қарамауымыз қажет. Көп ретте агрессияның қажетті деңгейі адамның қорғану, сақтану түйсігінің қажетті бөлшегі ретінде әрбір адамға қажет-ақ.

Осыған байланысты агрессияның пайда болу мәселелерін әр түрлі сала мамандары зерттеуде. Себебі зерттеушілер агрессияны зерттеу пәні ретінде емес, өз зерттеу пәннің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Т. Г. Румянцева [6] атап өткендей, «агрессия» терминінің алуан түрлілігі зерттеушілерді алаңдатпайды. Осы мәселе бойынша ғылыми деректерді жинақтау процестері жалғасуда және ғылымдағы агрессия проблемаларының қазіргі жай-күйінің өзіндік көрінісі болып табылатын пікірлердің алуан түрлілігін ескеруіміз қажет.

Осы әдістемелік құралдың мақсаты – жеке тұлғаға қатысты зорлық-зомбылық және қорлау іс-әрекеттерінің алдын алу және сол үшін психологиялық әдістерді қолданудың теориялық және қолданбалы мәселелерін қарастыру.

Оқу құралы дағдарыс орталықтарының қызметкерлеріне агрессорлармен және одан зардап шеккендермен (оңалып жатқандармен) жұмыс жасауда көмек көрсетуге бағытталған.



Оқу құралында отандық және шетелдік зерттеулер теория мен тәжірибеде қалыптасқан теориялық жұмыстар ұсынылған. Сонымен бірге агрессорлармен жұмыс істеу бойынша оқыту және әдістемелік материалдар бар.

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты анықтау мақсатында статистикалық деректер берілген. Зерттеулер көрсеткендей, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық саны аз емес, керісінше көп. Бүкіл әлемде әйелдер жасына, табына, нәсіліне немесе ұлтына қарамастан зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Соңғы бағалауларға сәйкес, әлемде 15 және одан жоғары жастағы әйелдердің 30% жуығы өмір жолында қашан болса да интимдік серіктес тарапынан табиғи және/немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшыраған [7].

Зерттеу мәліметтері көрсеткендей, респонденттер бастан кешкен үйдегі зорлық-зомбылықтың ең көп тарағаны- моральдық-психологиялық түрі болып табылады. Бұны сұралғандардың 53,7% растап отыр.

Зорлық-зомбылықтың ең көп таралған екінші түрі – физикалық зорлық-зомбылық (51,1%). Экономикалық зорлық-зомбылық үшінші орында (34,7%) тұрса, сұралғандардың 23,0%, әрбір төртінші әйел жыныстық зорлық-зомбылық туралы хабарлаған [7].

Негізінен табиғи зорлық-зомбылыққа мүлдем немесе уақытша жұмыс істемейтін; балалары бар және экономикалық жағынан күйеулеріне тәуелді, өзін-өзі бағалауы төмен және құқықтық сауаттылығы жоқ әйелдер ұшырайды.


Тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер зорлық-зомбылық олардың өміріне қауіп төндірсе де оған үнемі ұшырап отырған, айналасындағылардан қорлау фактілерін жасырған. Кейбір жағдайларда дене жарақаттары аса ауыр болған, тіпті мүгедектікке дейін айналған.

Қазақстанда 2016 жылдан бастап 2018 жыл аралығында дағдарыс орталықтарының дамуы төмендегідей: егер 2016 жылы республика аумағында 18 баспанасы бар 30 дағдарыс орталығы жұмыс істесе, 2018 жылы 30 баспанасы бар 38 дағдарыс орталығы пайда болды. Осы орталықтарға жүгінген әйелдер саны 2016 жылы – 22973-ті құраса, 2018 жылы олар 7856-ға дейін азайған [7].


Дағдарыс орталықтарына көмек сұрап жүгінгендер санының азаюы әйелдерді мемлекеттік қолдаудың тиімділігін, дағдарыс орталықтарының қызметкерлері, заңгерлер мен психологтар тарапынан оларға сауатты көмек көрсетудің болғандығын дәлелдейді.

1-суретте 2016-2018 жылдар аралығындағы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрес дағдарыс орталықтарының қызметіне бойынша шолу көрсетілген (1-суретті қар.), 2-суретте әйелдерге қатысты қылмыс деңгейінің төмендеуін көрсетеді (2-суретті қар.).

**1-сурет. 2016-2018 ж.ж. әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықпен күрес жөніндегі дағдарыс орталықтарының қызметі (ҚР Ұлттық экономика министрлігі ақпараттары бойынша)**




**2-сурет.** 2016-2018 ж.аралығында әйелдерге қатысты қылмыс деңгейінің төмендеуі (ҚСАЕАК ақпараттары бойынша)



Жалпы, әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық (тіркелген қылмыстар) жағдайларының таралуы үлесі Қазақстан бойынша өзгеріп отырады. Мысалы, 2016 жылы тіркелген қылмыстардың ең жоғары үлесі Оңтүстік Қазақстан облысында, ал ең төмен үлесі Маңғыстау облысында тіркелген; 2018 жылы – ең жоғары көрсеткіш Алматы қаласына, төмен көрсеткіш - Маңғыстау облысына тиесілі [7].

3-суретте 2016-2018 жылдар аралығындағы әйелдерге қатысты қылмыстар саны көрсетілген (3-суретті қар.).

**3-сурет.** 2016-2018 жылдар аралығындағы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық (тіркелген қылмыстар) жағдайларының саны (ҚСАЕАК ақпараттары бойынша)



Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бағалауы бойынша 7% әйелдерге серіктес емес адам тарапынан жыныстық зорлық-зомбылық көрсетілген. Қолданыстағы деректерге сәйкес, зорлық-зомбылықтың осы түрін бастан өткерген әйелдер алкогольді тұтынумен байланысты ауруларға 2,3 есе, ал депрессия немесе қорқыныштан 2,6 есе көп шалдығатынын көрсетіп отыр [8].

Зерттеу нәтижелері әйелдер өздері танитын ер адамдар тарапынан жыныстық зорлық-зомбылық қаупіне көбірек ұшырағанын көрсетеді. Яғни, зорлаудың қалыптасқан, бейтаныс адамның зорлық-зомбылық шабуылы стереотипіне қарамастан, шын мәнінде, жыныстық зорлық-зомбылық актілерінің көпшілігін құрбанды жақсы білетін адамдар, мысалы, бірге тұратын адамдар, достар, оны білетін таныстар, жұмысындағы әріптестер, билік өкілдері [7].

4-суретте Қазақстандағы соңғы 12 ай ішіндегі физикалық және жыныстық зорлық-зомбылықтың көрсеткіштері көрсетілген.

**4-сурет.** Соңғы 12 айдағы табиғи және жыныстық зорлық-зомбылықтың көрсеткіштері (ҚР ҰЭМ ақпараттары бойынша)



Отбасындағы зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдер бойынша статистикалық деректерді және олардың ағымдағы жағдайын талдай отырып, отбасындағы зорлық-зомбылық проблемасы жеке проблема шеңберінен шығып, қоғам мен мемлекет үшін өзекті мәселеге айналды деп қорытынды жасауға болады [7].

«Ресей халқының репродуктивті денсаулығы 2011» Бүкілресейлік зерттеу нәтижелері отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі туралы азаматтардың аздаған саны ғана білмейтіндігін немесе осы проблемамен бетпе-бет келмегендігін көрсетті. Респонденттердің пікірінше, үйдегі зорлық-зомбылықтың негізгі себептерінің бірі отбасында махаббат пен өзара түсіністіктің болмауы болып табылады [9].

Өкінішке орай, әр түрлі зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдердің негізгі контингенті полициядан басқа жүгінетін көмек көзін білмейді. Бұл жағдайда олар дағдарыстық орталықтарына 150 телефоны арқылы қоңырау шала алады, онда олар қажетті психологиялық, педагогикалық, медициналық, заңгерлік көмектер көрсетіліп, қажеттілігіне қарай әйелдер медициналық көмек көрсету және әрі қарай оңалту үшін медициналық ұйымдарға жіберіледі.

Дағдарыс орталықтарына жүгінген әйелдерге уақытша тұру мүмкіндігі беріліп және арнайы әлеуметтік қызметтер ұсынылады [5].


Осы әдістемелік құрал дағдарыс орталықтарының мамандарына ғана емес, әлеуметтік қызметкерлерге де, осы проблемамен бетпе-бет келгендерге де білікті көмек көрсетеді деп үміттенеміз.

# I. АГРЕССИВТІЛІК, ОНЫҢ ОТБАСЫНДА ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ

## 1.1. Отбасындағы зорлық-зомбылық түрлерін жіктеу және оларды сәйкестендіру тәсілдері

Қазір ғылымда агрессия мен агрессиялық мінез-құлықты сипаттайтын отандық және шетелдік авторлардың көптеген зерттеулері бар. Агрессияның ең көп таралған интерпретациясы (төменде көрсетілген 5-суретті қар.):

*5-сурет. Агрессияның кең таралған интерпретациясы*



**Е. П. Ильиннің анықтамасы анағұрлым толық болып табылады:**



**АГРЕССИЯ** – бұл субъектінің (субъектілердің) тірі немесе жансыз объектіге оның статус-квосын (яғни, істің ағымдағы, қазіргі, табиғи немесе психикалық жағдайын) өзгерту мақсатында қасақана зорлық-зомбылық көрсетуі [10].

Ең алдымен «агрессия» терминін зорлық-зомбылық және қорлау әрекеттерін белгілеу үшін кеңінен пайдаланатындығын атап өткен жөн. Мұндай жағдайларда дұшпандық агрессия туралы айтылады, оның негізгі мақсаты құрбанды азапқа салу болып табылады.

Мұндай агрессия теріс бағаланады. Күнделікті өмірде агрессия деп аталмайтын зорлық-зомбылықтың мінез-құлық түрлері бар (тәкаппарлық, сотқарлық, бәлеқорлық, ашуланшақтық және т.б.). Психотерапияда агрессия шексіз әртүрлі формаларды байқалады.

Сонымен, агрессияның көрініс табуының толық емес тізімі мынадай болуы мүмкін: жек көрушілік, сын айту, сарказм (мысқыл), тітіркену, ашулану, кекесін ескертулер, агрессиялық қиялдар, келеке-мазақ ету, пассивті саботаж, қатыгездік, ашулану, тиісу, еш нәрсені көрместей ашулану, қорқынышты көзқарас, негізсіз бас тарту, дұшпандық, кек алу, өзін-өзі бұзатын мінез-құлық [11].

Қазіргі уақытта 6-суретте көрсетілгендей агрессия түрлерін анықтайтын мынадай жалпы танылған тәсілдер бар.

*6-сурет. Әрекет формалары мен көрініс табудың ашықтығынан шығатын агрессия түрлері*



Объективтілік негізінде дұшпандылық және аспаптық агрессия анық көрінеді. Фишбах (1964) осы агрессиялардың табиғатынан агрессияның әртүрлі түрлері арасындағы айырмашылықтың негізгі жолын көреді: аспаптық немесе дұшпандық. Дұшпандық агрессия құрбанға әдейі кек алу немесе рахатқа бөлеу мақсатын көздейді [28].

Әрекет сипаты бойынша зорлық-зомбылық психологиялық, табиғи, жыныстық, экономикалық сипатта болады. 7-суретте әрбір көрінісін толығырақ қарастырайық:

*7-сурет. Зорлық-зомбылық түрлері*

The infographic consists of four numbered items, each with a red icon and a text description. Item 1: A thumbs-down hand icon. Item 2: A clenched fist icon. Item 3: A clenched fist holding a dollar coin icon. Item 4: A hand with fingers spread icon.

- 1. Психологиялық зорлық-зомбылық** - адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз кендіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту
- 2. Күш көрсету зорлық-зомбылығы** - дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру
- 3. Экономикалық зорлық-зомбылық** - адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру
- 4. Сексуалдық зорлық-зомбылық** - адамның жыныстық тиіспеушілігіне немесе жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ көмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер



8-суретте оқиғалардың орын алу орны бойынша зорлық-зомбылық түрлері сипатталған.

*8-сурет. Оқиғалардың орын алу орны бойынша зорлық-зомбылық түрлері*

### Үйдегі зорлық-зомбылық

Үйдегі (отбасындағы) зорлық-зомбылық - отбасындағы балаға немесе ересек адамға жасалатын психологиялық, табиғи немесе жыныстық зорлық-зомбылық. Бұл жағдайда табиғи және психологиялық зорлық-зомбылық жиі үйлеседі. Үйдегі зорлық-зомбылық жәбірленушіні қорқытуға, оның бойында қорқыныш сезімін қалыптастыруға және оны бақылауға бағытталған. Кейбір ата-аналар өзінің беделін қамтамасыз етуге тырысады, ал кейбір ерлі-зайыптылар - жұбайының адалдығын.



### Мектептегі зорлық-зомбылық (буллинг)

Мектептегі зорлық-зомбылық (буллинг) - балалар арасындағы немесе мұғалім мен оқушылар арасындағы табиғи немесе психологиялық зорлық-зомбылық. Қарым-қатынастар бағыты әртүрлі: мұғалім тарапынан балаға зорлық-зомбылық жасау, оқушы тарапынан мұғалімге зорлық-зомбылық көрсету, баланы сыныптастарының қорлауы, бір оқушыға екінші оқушының (оқушылардың) зорлық-зомбылық көрсетуі



### Жұмыстағы зорлық-зомбылық (моббинг)

Жұмыстағы зорлық-зомбылық (моббинг) - жиі қорлау, ақпаратты жасырып қалу, жалған мәлімет, өсектер, қысым көрсету формасында болатын психологиялық зорлық-зомбылық. Қызметкерлер мен басшылық арасында болады.



### Әлеуметтік-тұрмыстық зорлық-зомбылық

Әлеуметтік-тұрмыстық зорлық-зомбылық - көшедегі, көліктегі және басқа қоғамдық орындардағы бейтаныс адамдар тарапынан болатын психологиялық, табиғи немесе жыныстық зорлық-зомбылық



Агрессияның орын алу себебі қарай реактивті және проактивті түрлері болады. Мұңы Н. Д. Левитов (1972) «қорғаныстық» және «бастамашы» деп атайды. Біріншісі – басқаның агрессиясына жауап болса, екіншісі - бүлік шығарушы тарапынан болады [12].

Осындай адамдарға ықпал етудің барлық түрлері оларды шаршатады және өзіне деген сенімділіктің төмендеуіне, тыныштықтың жоғалуына, алаңдаушылығына, агрессияға, депрессияға, ұйқы мен тәбеттің бұзылуына алып келеді. Жалғыздыққа бейімделу күшейеді, суицидтік үрдістер қалыптасып, нашақорлық, булимия, анорексия, соматикалық және психосоматикалық аурулар – асқазан жарасы, аллергия, артық салмақ және жүйке типтері сияқты әртүрлі этиологиядағы тұлғаның психопатологиясы қалыптасуы мүмкін.

Соңғы онжылдықта агрессия мен зорлық-зомбылық проблемасы қоғамда және бұқаралық ақпарат құралдарында қарқынды пікірталастардың тақырыбына айналды және бұл құбылыстар күшейе түсуде (терроризм, кісі өлтіру, тонау, зорлық-зомбылық). Агрессия мен қатыгездігінің жиі орын алып, анық көрініс табуда.

Осы проблеманың адамзат үшін ерекше маңыздылығын көрсететін фактілердің бірі-жиырмасыншы ғасырдың 70-ші жылдар басында халықаралық деңгейде агрессиология саласындағы ғылыми ізденістерді біріктіретін және үйлестіретін ұйым – агрессияны зерттеу жөніндегі Халықаралық қоғамның (АЗХК) құрылуы. Бұл ұйымға аталған проблема бойынша жетекші мамандар-психологтар, әлеуметтанушылар, философтар, заңгерлер, физиологтар, энтологтар, психиатрлар, фармакологтар кіреді [13].


## **1.2 Агрессорлардың типологиясы және онын себептері**

Ерлермен қарым-қатынастың бастапқы кезеңінде әйелдердің көпшілігі ер адамның агрессор екендігін байқай алмайды.

Адамдар бір бірімен ұзақ қарым-қатынаста болған кезде, бірақ ауқыт өткен соң өзінің шынайы бейнесін көрсете бастайды Бірақ, әйелдер адамның психологиялық портретін ескеретін болса, зорлық-зомбылыққа бейім ер адамды тез тануды анықтай алар еді.

9-суретте көрсетілген агрессиялық әрекеттеріне бейімділігі бар ер адамдар өкілдерінің бірқатар сипаттарын бөліп қарастыруға болады.

9-сурет. Агрессорлардың түрлері



**1. «САРАПШЫ».** Ол өзін барлық сала бойынша бас сарапшы деп санайды, өзіне қатысты сынды көтере алмайды және басқалардың пікірін қабылдамайды. Әрқашан әңгімені және жағдайды бақылауда ұстайды. Агрессордың бұл түрі жаңа идеяларды талқыламайды, өз идеяларын басқаларға таңып қойғысы келеді. Бұл агрессордың агрессиясы аз типіне жатады, өйткені бұл түрі серіктесінің өзі туралы не ойлайтындығын бақылауда ұстайды.

**2. «НАМЫСҚА ТИІП ҚОРЛАУШЫ».** Осы типтегі ер адам серіктес әйелге дауысын көтерместен, әңгімені агрессиялық түрде жүргізу тактикасын қолданады. Ол өзінің бірге тұратын адамын жанға бататын физикалық зиян келтірмей, психологиялық тұрғыдан зардапқа әкеп соқтырады. Бұл агрессордың аса көп күтеймеген түрлі, өйткені мұндай кісі бірге тұратын адамы ол туралы не ойлайтындығына мән беререді.

**3. «ПРАПОРЩИК».** Адамның бұл түрі өзінің серігіне өте сыни көзқараспен қарайды. Ол барлығына қатысты сын айтады: киімі, бейнесі, достары, оның жеке және кәсіби ісіне араласады, поштаға келген хабарламаларын оқиды, телефонын тексеріп, әңгімесін тыңдайды. Бұлар үнемі қызғануға бейім келеді. Ер адаммен мұндай қарым-қатынас зорлық-зомбылыққа ұласуы мүмкін

**3. «РЭМБО».** Батылдық туралы тікелей түсініктері бар агрессивті тип иесі. Әйелдерге қатысты қамқорлық, құрмет сезімі мүлдем жоқ. Балалық шақта психологиялық жағынан зардап шеккен, сондықтан ең жақсы қорғаныс тәсілі дене күшін қолдану деп санайды.

**5. «ТЕРРОРИСТ».** Ер адамдардың бұл түрі талапшылдықтың жоғары дәрежесімен және әйелге бақылау жасаумен сипатталады. Агрессордың осы түрі қоқан-лоққы көрсету, гипертрофиялық ишара және белгілі бір іс-әрекеттер арқылы серіктес әйелін қорқынышта ұстап, зардап келтіруі және өлтіруі мүмкін екендігін айтып қорқытып отырады. Еркек-агрессорлардың басқа түрлеріне қарағанда, «террорист» садизм элементтеріне толы келеді. Әйелдерге агрессордың осындай түрімен қарым-қатынасты тоқтату өте қиын.

**6. «АШКӨЗ АГРЕССОР».** Өз мақсаттарына жету үшін барлық деңгейлердегі тәсілдер (мінез-құлықтық, психоэнергетикалық, рухани) арқылы басқа адамдарға шабуыл жасайтын ер адамның түрі. Оның мақсаты, әдетте, өмірдің материалдық жақтарымен байланысты және ол мақсатқа жету үшін барлығына дайын, соның ішінде басқа адамды кемсітуге де жол береді.

**7. «ДӘЛЕЛІ ЖОҚ АГРЕССОР».** Нақты пайдакүнемдік мақсаты жоқ, елеулі пайда таппай және тіпті өзіне зиян келтіре отырып, басқа адамдарға шабуыл жасайтын ерлердің түрі. Көбіне бұзақылық жасайтын жасөспірімдер, рок-топтардың жанкүйерлері, сәтсіз матчтардан кейін қанды төбелестер ұйымдастыратын футбол командаларының жанкүйерлері өздерін жиі осылай ұстайды [23].

Жалпы өмірде көбінесе «прапорщик», «намысқа тиіп қорлаушы», «террорист», «қозғалмайтын агрессор» сияқты агрессорлардың түрлері жиі кездеседі.

Психологиядағы агрессия әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде түсіндіріледі және психикалық патологияларға жатады. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, сау адамдарда агрессиялық мінез-құлық психикалық проблемалар болған кезде субъективті пайда болады,

мысалы, біреу кек алғысы келеді, біреу дұшпандық ортада өмір сүреді және басқа қарым-қатынас модельдерін білмейді, басқа санаты – кейбір экстремистік ағымдарға қатысушылар, кейбіреулерге агрессия бала кезінен бастап күш пен ерлік ретінде түсіндірілген. Көп жағдайларда агрессиялық мінез-құлық басымды болудың белгісі болып табылады.

Адамда агрессия бірден пайда болмайды. Теориялық тұрғыдан бұл ерекшелік бүкіл адамдарға тән қасиет. Адам өзін белгілі бір қауіп-қатерден қорғауы керек болғанда, өзін агрессивті түрде ұстай бастайды. Бірақ бұл жағдайда өзін-өзі қорғау және қасақана емес әрекеттер ретіндегі жеке тұлғалық ерекшелік пен агрессияның арасындағы айырмашылықты түсіну маңызды. Ғалымдардың көпшілігі адам туылған кезде бойында агрессия болмайды деген пікірді ұстанады, ол осындай мінез-құлықтың заңдылықтарын өмір бойы оны қоршаған әлеуметтік жағдайға байланысты игереді.

Осылайша, агрессияның пайда болу себептері психотроптық заттарды шамадан тыс қолдану, ұзаққа созылған созылмалы шаршау, жеке проблемалар, сондай-ақ жүйке жүйесінің немесе психикалық ауытқулар болуы мүмкін (10-суретті қар).

### 10-сурет. Агрессияның пайда болу себептері

#### **ПСИХОБЕЛСЕНДІ ЗАТТАРДЫ ШАМАДАН ТЫС ПАЙДАЛАНУ**

*Адам стрестік жағдайда бақылау жасай алмай қалады және тек өз қажеттіліктері мен ниеттерін ғана басылыққа алады. Өз алдынан кедергі көріп, агрессияны пайдаланады.*

#### **ТӘРБИЕНІҢ КҮРДЕЛІ ТАЛАПТАРЫ**

*дұрыс тәрбиенің берілмеуі, психологиялық жағынан жарақат алатын жағдайлардың болуы, зорлық-зомбылық көріністерін көру, компьютерлік ойындарға құмарлық. Қорғаныс құралы ретінде агрессияны пайдаланады.*

#### **ЖЕКЕ СИПАТТАҒЫ МӘСЕЛЕЛЕР**

*жұбайымен өзара қарым-қатынастағы проблемалар, жыныстық сипаттағы қиындықтар, өмір серігінің болмауы, тұрақты жалғыздық пен үмітсіздік сезімі, депрессия.*

#### **СОЗЫЛМАЛЫ ШАРШАУ, ҰЙҚЫНЫҢ ЖЕТКІЛІКСІЗДІГІ**

*артық жұмыстан шаршау, жұмыстағы стресс.*

#### **ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖӘНЕ ПСИХИКАЛЫҚ АУЫТҚУЛАР**

*(шизофрения, эпилепсия, менингит және бас миының басқа да жарақаттары)*



### 1.3 Психологиялық портретті анықтау мақсатында агрессорлардың диагностикасын және өзіндік диагностикасын жасау

Агрессиялық мінез-құлықтың ғылыми зерттеуі бірнеше мәселелерді туындатады, себебі зерттеушіге зерттелетін субъектінің мінез-құлқы зиян келтіруі мүмкін. Адамдардың бір-біріне зиян келтіретін мүмкіндігі бар зерттеу әдістерін қолдануға рұқсат етілмейді. Сондықтан агрессияны зерттеу мақсатында нақты зиян келтірмейтін, агрессиялық мінез-құлық мәселесін зерттеуге мүмкіндік беретін қауіпсіз, ғылыми негізделген әдістер әзірленген.

#### ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДИАГНОСТИКА

(грек. *psyche*-жан+ *diagnosis*-ману) - адамның жеке психологиялық сипаттамаларын анықтау және зерттеу әдістерін әзірлейтін психологиялық пән. Психологиялық практика саласы, әртүрлі тұлғалық қасиеттерді, психологиялық және физиологиялық сипаттамаларды анықтау бойынша психологтың жұмысы психологиялық диагностика деп аталады.



Әдістемелерді әзірлеу және тестілеу, оларды өлшеу құралдары ретінде пайдалану үшін өлшемдерді әзірлеу, зерттеулер жүргізу ережелерін, нәтижелерді өңдеу және түсіндіру тәсілдерін әзірлеу психологиялық диагностиканың құзыретіне жатады.

Өзін-өзі диагностикалау – арнайы әдістерді қолдану арқылы өзін-өзі зерттеу рәсімі. Бұл әдістер тестілер, жоспарлы өзін-өзі бақылау, рефлексия, өз қызметінің өнімін зерттеу, пікір жинау болуы мүмкін.

Өзін-өзі диагностикалау адамның өзін-өзі бағалауын және оның қоғамдағы, кәсіби қарым-қатынастағы жағдайын объективті түрде көрсетеді.

Зерттеу проблемасына және мақсатты функциясына сәйкес келетін психодиагностикалық әдістер мен тәсілдерді таңдау, соның ішінде агрессивтілікті анықтау мәселесі психологтың

диагностика жасаушының жұмысындағы ең күрделі міндеттердің және диагноздың нақтылығы және объективтілігі үшін ең маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Агрессивтілікті диагностикалаудың әдістері мен тәсілдерін таңдау, ең алдымен, сыналатын адамның шешілуі тиіс проблемасының жеке мазмұнына байланысты. Бұл тұрғыда диагностикалық процестің әрбір қатысушысы үшін диагностиканың маңыздылығы, тікелей нәтиже, ұсыныстарды қабылдауға қабілеті және оларды ұстануға дайындығы маңызды. Сондай-ақ маманның психодиагностикалық гипотезаларды дәлелдеуді немесе жоққа шығаруды және жалпы мәселені шешетін құралдарды білуі де маңызды рөл атқарады.

Адамның агрессивтілік деңгейін қалай анықтауға болады? Агрессияның алдын алуға және ықтимал залалды азайтуға болады ма?

Агрессияны анықтау үшін бірқатар диагностикалық әдістер қолданылады:

1. Сауалнама әдістері
2. Өшпенділік шкалалары
3. Проекциялық әдістер

Агрессивтілікті анықтау үшін диагностикалық әдістерді егжей-тегжейлі қарастырайық.

## **САУАЛНАМА ӘДІСТЕРІ** **«БАССА-ДАРКИ» САУАЛНАМАСЫ**

Басса-Дарки сауалнамасын (Buss-DurkeyInventory) 1957 жылы А. Басс пен А. Дарки әзірлеген және агрессивтілік пен өшпенділік реакцияларын диагностикалауға арналған.


Бұл тестінің авторлары агрессивтіліктің сандық және сапалық сипаттамасы бар деп есептейді. Агрессиялық көріністерді екі түрге бөледі:

- құндылық ретіндегі мотивациялық агрессия;
- аспаптық - әдіс ретінде.

Деструктивті үрдістердің осындай деңгейін анықтай отырып, агрессивтіліктің пайда болу ықтималдығын болжауға болады.

Агрессия және өшпенділік көріністерін шектеу үшін сауалнаманы дайындау кезінде А. Басс және А. Дарки 11-суретте көрсетілген реакциялардың келесі түрлерін анықтады.

11-сурет. Реакциялардың түрлері



Сауалнама 75 пікірден тұрады, пікірлерге сыналанып адам «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруі тиіс. Жауаптар осы шкалалардың сегізі бойынша бағаланады.

Басса-Дарки сауалнамасын басқа әдістермен тұлғалық тестілер (Р. Б. Кеттель, Спилберг), жобалық әдістер (М. Люшер) және т.б. [14] бірге үйлестіре отырып пайдаланған жөн.

### «КОММУНИКАТИВТІ АГРЕССИВТІЛІКТІҢ ИНТЕГРАЛДЫ ФОРМАЛАРЫН АНЫҚТАУ (В.В.БОЙКО)» ӘДІСІ

Әдістеме адамның тұлғааралық қарым-қатынас жағдайында агрессияны көрсетуге бейімділігін диагностикалау үшін әзірленді. Бұл әдістің айырмашылығы тек қолжетімділігінде ғана емес, диагностика аймағының кеңдігі мен тұтастығында болып отыр.



Агрессивтіліктің сезімтал түрлерін және оған қажеттілікті қоса алғанда, осы әдістеме агрессивтіліктің берілу дәрежесін, агрессияның әлсіреу және өзгеру қабілетін анықтауға мүмкіндік береді.

Сауалнама 11 параметрді есепке ала отырып, индикаторларды шығаруға мүмкіндік береді, олардың әрқайсысы нөлден бес ұпайға дейінгі диапазонда жеке бағаланады. Бір ұпай кілтке сәйкес келетін әрбір жауап үшін беріледі. Бағалау жоғары болған сайын өлшенетін агрессивтіліктің көрсеткіші анықталады.

Осы әдістемеді оқыс оқиғаларға дайын болу қабілеті, белсенді іс-әрекетке немесе заттарға агрессияны басуға қабілетсіздік, анонимді агрессия, басқа адамдарды агрессиямен арандату, агрессияны тойтару үрдісі, аутоагрессия, топтағы агрессияны ауыстыру, агрессиядан ляззат алу, агрессия үшін жазалау [15] секілді өлшем шкалаларын қамтылады.

#### **Ч. СПИЛБЕРГЕРДІҢ АГРЕССИЯНЫ ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ**

Әдістеме Ч. Спилбергерпен 1995 жылы әзірленген. Орыс тілді нұсқасын Н. Kassinov, Ch. Eckhardt, Д. Суходольский және С. Цыцарев бейімдеп, сынақтан өткізді. Әдістеме агрессивті мінез-құлықтың әртүрлі аспектілерін диагностикалауға арналған.

Сауалнамада сыналатын адам өзіне қаншалықты қатысты екендігіне байланысты 4-ұпайлық шкала бойынша бағалауға тиіс 44 пайымдаудан тұрады. Сауалнама мынадай шкалалардан тұрады: агрессияны өзекті жағдай деп қабылдау, жеке ерекшелік есебінде, темпераменттің ерекшелігі, мінездің ерекшелігі ретіндегі агрессия, гетероагрессия, аутоагрессия, агрессияны бақылау. (Сауалнаманың өзі қосымшаларда беріледі. 1-қосымшаны қар.).

### **ӨШПЕНДІЛІК ШКАЛАЛАРЫ**

#### **КУК ЖӘНЕ МЕДЛИДІҢ ӨШПЕНДІЛІК ШКАЛАЛАРЫ**

Кук пен Медлидің өшпенділік шкаласы 1954 жылы құрылды. Бұл әдістеме өзін-өзі диагностикалау үшін де, сондай-ақ әлеуметтік қарым-қатынас кезінде сыналушының агрессивті мінез-құлыққа бейімділігін анықтау үшін практикалық психологтың жұмысында да қолданылуы мүмкін. Осы әдістеме тұлғаның өшпенділігін үш диагностикалық шкала - арсыздық, агрессивтілік және өшпенділік арқылы зерттеуге арналған [16].

## ЮДОВСКИЙДІҢ АШЫҚ КӨРІНЕТІН АГРЕССИЯ ШКАЛАСЫ (OASCL)

Әдістеме ашық көрінетін агрессияны диагностикалауға арналған. Бұл әдістемеді ашық агрессияның мынадай белгілері бағаланады:

1. Ауызша, вербальды агрессия
2. Өзіне қатысты физикалық агрессия
3. Объектілерге қатысты физикалық агрессия
4. Басқа адамдарға бағытталған физикалық агрессия

Сауалнама 4 бағалау параметрінен тұрады

Тестінің есептік уақыты 5-10 минут. Тест индикаторы 0-ден 16 баллға дейінгі мәндерді қабылдай алады [17].

## «ТҰЛҒАЛЫҚ АГРЕССИВТІЛІК ПЕН ШИЕЛЕНІСТІК» ӘДІСТЕМЕСІ

Авторлары – Е. П. Ильин мен П. А. Ковалев. Әдістеме субъектінің жеке мінездемесі ретінде шиеленіс пен агрессивтілікке бейімділігін анықтауға арналған.

Бұл әдістеме позитивті агрессивтілікті, жағымсыз агрессивтілікті, шиеленістің жалпыланған көрсеткіштерін анықтауға көмектеседі [18].

## ПРОЕКЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР

Ең жиі қолданылатын жобалық әдістер – Герман Роршахтың сия таңбаларын тестілеу (Hermann Rorschach) және Генри Мюррей және Кристиан Морганнның апперцепциясының тақырыптық тестілеуі. Бұл тестілер зерттеу және клиникалық жағдайларда әртүрлі мінез-құлық пен мотивтерді зерттеу үшін қолданылады.

Г.Роршахтың тестінде зерттеуші сыналушыға сия дақтары бар карточкалар жиынтығын көрсетеді және сыналушыны агрессивтілік дәрежесін анықтау үшін оған осы дақтардың нені еске түсіретінін айтып беруін сұрайды. Жауап жүйелері ашу-ыза немесе өшпенділік аспектілерін туындататын алты топқа бөлінеді: теріс көзқарас немесе эмоциялар; қастық немесе агрессивті мінез-құлықты сипаттау; агрессивті мақсатта пайдаланылатын заттар, агрессияның немесе ашудың символдық ассоциациялары; екіжақтылық; ашу немесе өшпенділік байқалмайтын бейтарап жауаптар [19].

### **Генри Мюррей АТТ-ға өзі мынадай анықтама береді:**

«АТТ ретінде танымал Thematic Apperception Test тұлғаның басым импульстерін, эмоцияларын, қарым-қатынастарын, комплексі мен тұлғаның шиеленістерін анықтайтын әдіс болып табылады және субъекті немесе пациент өзінің санасынан тыс жасыратын немесе көрсете алмайтын жасырын тенденцияларды анықтауға көмектеседі» [20]. (2-қосымшаны қар.).

Вагнердің «Қолдар» тестісі де агрессивтілікті анықтауға арналған. Бұл техника ересектер мен балаларды тексеру үшін пайдаланылуы мүмкін. Тестіні Б. Брайклин, З. Пиотровский және Э. Вагнерлермен 1962 жылы жариялаған. Тестінің идеясы Э. Вагнерге тиесілі.

Қол тестісінің негізінде жатқан тәсіл – субъектіден әлеуметтік бейтарап және ешқандай мағыналы мәні жоқ «кадрды тоқтату» түрінде ұсынылған қолдың суреті түрінде берілген іс-әрекеттің мазмұнын түсіндіруді сұрау болып табылады [21] (3-қосымшаны қар.).

## II. ОТБАСЫНДАҒЫ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ТҮЗЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

### 2.1. Өз жақындарына қатысты зорлық-зомбылықты қолданатын агрессорларға арналған түзету бағдарламасы

Қазіргі уақытта психологиялық көмек пен қолдау тек тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына ғана беріледі [5] және агрессор-ер адамдармен мүлдем жұмыс мүлдем жүргізілмейді.

Осыны ескере отырып, ер адам-агрессорлармен жұмыс істеу үшін түзету бағдарламасын жасау және әзірлеу мәселесі туындап отыр.

Агрессор ер адамдарға арналған түзету бағдарламасын әзірлеу үшін тұлғаның жеке типологиялық ерекшеліктерін ескеру қажет. Көп жағдайда ер адамдар өзінің қатыгездігін, агрессивті мінез-құлқын сезбейді, сондай-ақ бірге тұратын серіктесі әйелді арандатқаны үшін айыптап, өзін ақтап алады.

Ер адам бірге тұратын адамын толық бақылайтын, сыйламайтын, оған зорлық-зомбылық көрсететін жағдайлар жиі кездеседі. Ер адамның осындай мінез-құлқы табиғи және заңдылық ретінде қабылданады. Қоғамда осындай ұстаным басым болған жағдайда, ер адамға оның әрекетінің теріс екендігін түсіндіру қиындық туғызады. Адамды өз мінез-құлқын өзгертуге ынталандыру үшін ұзақ уақыт пен мұқияттылықты талап ететін жұмыс жүргізу қажет.

Негізгі қиындық – агрессор ер адамға зорлық-зомбылық үшін жауапкершілікті отбасының басқа мүшелеріне артуға әрекет жасаған кезінде психологиялық көмекке жүгінуіне түрткі болу.

Көбінесе ер адамдар үстіртін проблемаларға байланысты келеді және жұмыс барысында ер адамның өзі түсінбейтін және қабылдамайтын агрессивті мінез-құлыққа бейім екені анықталады. Оның туған адамдарға қатысты зорлық-зомбылық жасайтынын және бұның мүлдем жол берілмеуі тиіс құбылыс екендігін ұғынуының өзі, одан өзінің жан дүниесіндегі үлкен жұмысты талап етеді.

Ер адамдар өз проблемасын шешу үшін саналы түрде және өз бетінше психологқа келу жағдайлары өте сирек, бұл ішкіден гөрі сыртқы мотивацияның жетіспеушілігі. Маманға келуінің себебі – ер адам өзінің әрекеті туралы ойланып, балаларының оның іс-әре-

кеттерін қайталауы мүмкін деген қорқыныш арқылы өзін өзгеруге итермелейді. Агрессорлармен жұмыс істейтін мамандар үшін салмақты ресурс- ол балалар мәселесі болып табылады.

Агрессорларға арналған ұсынылып отырған түзету бағдарламасы (бұдан әрі – «Бағдарлама») – ер адам тарапынан шектен тыс күйзеліс пен мазасыздықты болдырмау үшін зорлық-зомбылықты түзету, агрессорларды қарым-қатынас жасау мен өзін-өзі дамыту дағдыларына және лайықты мінез-құлық дағдыларына үйрету, өзін-өзі дұрыс бағалауды қалыптастыру мен практикалық дағдыларды айқындайтын бағдарлама.

### **ТҮЗЕТУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ:**

*1.Серіктес әйелі мен балаларды, олардың әрекеттері мен сезімдерін бақылау құралы ретінде зорлық-зомбылықты қолдану себептерін түсінуді жақсарту*

*2. Үйдегі зорлық-зомбылықты ақтауға кедергі жасау және өзгерістерге мотивациялық ұстанымдарды қалыптастыру*

*3.Агрессорларға олардың балалары үшін үйдегі зорлық-зомбылық салдарлары қандай болатынын түсінуге көмек көрсету*

*4.Ер адамдарға зорлық-зомбылықты қалай тоқтатуға болатындығын, агрессордың қорлау және зорлық-зомбылық мінез-құлқын сыйлау және қауіпсіз мінез-құлыққа өзгерту бойынша практикалық ақпарат беру*

*5. Агрессорлардың әйелдер және балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың қабылдауға болмайтын әрекет екендігін түсінуге қол жеткізу*

*6.Агрессордың агрессивті мінез-құлық және оның салдары үшін жауапкершілікті өз мойнына алуына қол жеткізу.*

Түзету бағдарламасы қатысушылардың екі кезеңнен толық өтуін көздейді. Сонымен қатар, мамандар жұмыстың әрбір кезеңінде нақты белгіленген міндеттермен кездеседі, олар біртіндеп шешіледі және ол 1-кестеде көрсетілген.

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ

### 1-кесте. Бағдарламаның міндеттері

I кезеңнің міндеттері	II кезеңнің міндеттері
<p>Бірінші кезең ер адамдардың табиғи зорлық-зомбылық көрсетуді тоқтатуына көмек көрсетуге, бірге тұратын адамы мен балаларына агрессивті мінез-құлқының кейбір салдарының қандай екенін түсінуіне, көңіл бөлу мен жанашырлық сезімін қалыптастыруға арналған.</p> <p style="text-align: center; color: #00a68a;"><b>Сеанстар саны: 5</b></p>	<p>Екінші кезең физикалық зорлық-зомбылық көрсетуді тоқтатқан ер адамдарға көмектесу, бұрын зорлық-зомбылықтың негізі болған қатыгездік көрсету және бақылауда ұстау мінез-құлық проблемасын шешуге бағытталған. Оған ата-ана - агрессорларға арналған серіктесімен бірге балаларды жағымды тәрбиелеу және оларды құрметпен тәрбиелеу жұмыстары кіреді.</p> <p style="text-align: center; color: #00a68a;"><b>Сеанстар саны: 10</b></p>

Бағдарлама сессияларының тақырыбына ерекше көңіл бөлінеді. Мамандар жеке және топтық сабақтарды ұйымдастырады. Сонымен қатар, мамандар арасындағы ақпарат алмасу сабақ мазмұнын түзетуге және өзгерістер динамикасын бақылауға мүмкіндік береді. Бағдарлама сессияларының тақырыптары 2-кестеде көрсетілген.

### 2-кесте. Түзету бағдарламасының екі кезеңіндегі сессиялардың тақырыбы

№	Мазмұны	Сағаттар саны	Жұмыс формасы	Әдістер
<b>I-КЕЗЕҢ. СЕССИЯЛАР САНЫ: 5</b>				
1	Психологиялық сұхбат	1	Жеке жұмыс	Белсенді тыңдау
2	Агрессордың өзін-өзі сәйкестендіруі: әрекет түрін анықтау	1	Жеке жұмыс	Диагностика
3	Психокоррекциялық жұмыс	1	Жеке жұмыс	Тестілеу М.Рокичтің әдістемесі (10-қосымшаны қар.)

№	Мазмұны	Сағаттар саны	Жұмыс формасы	Әдістер
4	Отбасылық зорлық-зомбылықтың әсері мен салдары: зардап шегуші салдары, отбасылық динамика	1	Жеке жұмыс	Дебрифинг (дағдарыстық оқиғаларға жауап қату әдісі) Жүйелік отбасылық орналастыру әдісі
5	Жыныс және ер мінезділік: заманауи ер адамның мінсіз сипаты	1	Жеке жұмыс	Гештальт-терапия
<b>II-КЕЗЕҢ. СЕССИЯЛАР САНЫ: 10</b>				
1	Топпен танысу. Топтың ережелері және қағидаларымен танысу. Жұмыс түрлерін анықтау	2	Топтық жұмыс	Тренинг (беседа; (метод активного/эмпатического слушания)
2	Өткен өмірімен жұмыс	2	Топтық жұмыс	Тренинг (Визуализация техникасы)
3	Кінәні қабылдау индексі	2	Топтық жұмыс	Тренинг (рационалды-мәндік терапия әдісі)
4	Толерантты болуға үйренеміз	2	Топтық жұмыс	Сессия (Тет-Хилингтің әдісі)
5	Реніштерді кешіру (ата-аналар, серіктес әйелі, балалар және т.б.)	2	Топтық жұмыс	Сессия (Тет-Хилингтің әдісі)
6	Шиеленістерді шешу тәсілдері – пассивті, агрессивті, табанды коммуникация. Конструктивті шиеленістер бойынша нұсқаулық	2	Топтық жұмыс	Тренинг (Гештальт-терапия)

№	Мазмұны	Сағаттар саны	Жұмыс формасы	Әдістер
7	Әйелдің ашу-ызасы: ашуды басқару стратегиялары; әйелді құрметтеу	2	Топтық жұмыс	Тренинг (Гештальт-терапия)
8	Эмоциялық жағдайды өздігінен реттеу тәсілдері (бұлшық ет релаксациясына, психоэмоциялық реттеуге арналған жаттығулар)	2	Топтық жұмыс	Тренинг (Гештальт-терапия, денеге бағытталған терапия, EI)
9	Отбасылық қарым-қатынастарды үйрету. Агрессор ер адамдардың серіктес әйелі және балаларымен бірлескен жұмыс	2	Топтық жұмыс	Тренинг (Отбасылық арт-терапия)
10	Болашаққа перспективалы көзқарас: өмірлік құндылықтар мен тұлғалық өсуді қалыптастыру бойынша мотивациялық жұмыс	2	Топтық жұмыс	Тренинг (Позитивті психотерапия)

## БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

### Ұсынылған Бағдарлама екі негізгі кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең ұзақтығы 60 минут созылатын 5 жеке сеанстан тұрады. Бірінші кезеңнің міндеті – ер адамдарға физикалық зорлық-зомбылық жасауын тоқтату, серіктес әйелі мен балаларына олардың мінез-құлқының кейбір салдары қандай екенін түсінуге, әйелі мен балаларына деген сүйіспеншілікті дамытуға көмектесу.

Жеке сессиялар мотивациялық сипатта болады және консультациялар түрінде ұйымдастырылады, сонымен бірге топтық сессиялар арасында кезектесіп өтеді. Бағдарламаға қатысушының келесі кезеңге дайындығын, оның мінез-құлқында және бірге тұратын адамына қарым-қатынасында өзгерістер байқалады ма, осыларды анықтау үшін



түзету бағдарламасына енгізілген барлық мамандардың бірлескен жұмысы арқылы ұйымдастырылады.

Бағдарламаның екінші кезеңі ұзақтығы 2 сағат болатын 10 апта сайынғы сессиядан тұрады. Бағдарламаның екінші кезеңінің мақсаты – физикалық зорлық-зомбылық жасауын тоқтатқан ер адамдарды толерантты болуға, даулы жағдайларды шешу және өзін-өзі реттеу тәсілдерін үйренуге, өмірлік құндылықтарды қалыптастыруға көмектесу.

Агрессор ер адамның Бағдарламаға қатысуы – өмірлік құндылықтар мен көзқарастарды қайта бағалау барысында қарқынды ішкі жұмысты талап ететін ұзақ және күрделі процесс.

Қатысушылармен тікелей жұмыс істейтін мамандар бағдарламаның барлық кезеңдерін іске асыруда және қатысушыларды алып жүруде оларға жүктелген барлық жауапкершілікті түсінуге тиіс. Себебі басты қатер-кез келген уақытта бағдарламадан шығу, алынған ақпараттың мәнінің жоғалуы және қатысушының отбасы мүшелеріне қатысты зорлық-зомбылық көрсетуін қайта қалпына келтіруі тәуекелділігі жоғары.

Топ қатысушыларын жинақтау кезінде зорлық-зомбылық актілерін аз жасауына, жеке басының дамуы мен білім берудің жалпы деңгейіне, өзгерістерге мотивация және топтар 12-суретте көрсетілген қағидаттар бойынша құрылады.

### **12-сурет. Топтарды жинақтау принциптері**



Агрессордың өз тарапынан зорлық-зомбылық жасалғандығын мойындауға, өзінің мінез-құлқына жауапты болуға, бағдарлама жұмысына белсенді қатысуға дайын болуы маңызды. Ер адамның бағдарламаға қатысуға дайындық критерийлері 13-суретте көрсетілген.

*13-сурет. Бағдарламаға қатысу критерийлері*

- 1** **ЕР АДАМ БЕЛГІЛІ БІР ДӘРЕЖЕДЕ ӨЗ ТАРАПЫНАН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫ МОЙЫНДАУҒА ДАЙЫН**
- 2** **ЕР АДАМ ӨЗІНІҢ ТАРАПЫНАН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫ ҚОЛДАНУ ӨЗІНЕ JAҚЫН АДАМДАР ҮШІН ҒАНА ЕМЕС, АЙНАЛАСЫНДАҒЫЛАР ҮШІН ДЕ ПРОБЛЕМА ТУҒЫЗАТЫНЫН КӨРЕ АЛАДЫ**
- 3** **ОЛ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫ ТОҚТАТҚАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ҚАБЫЛДАУҒА ДАЙЫН**
- 4** **ОНЫҢ ЭМОЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛ-АУҚАТЫ, ПСИХИКАЛЫҚ ЖОСПАРДЫҢ АҒЫМДАҒЫ НЕМЕСЕ ӨТКЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ ОҒАН БАҒДАРЛАМАДАН ПАЙДА АЛУҒА КЕДЕРГІ КЕЛТІРМЕЙДІ**
- 5** **ОЛ ОНЫҢ БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУЫНЫҢ ШАРТТАРЫН ТҮСІНЕДІ**


Қатысушыларды тарту кезінде бағдарламаға қатысуға жарамды екендігін анықтауға ерекше назар аудару керек. Бағдарламаға 14-суретте анықталған агрессор-ер адамдар қатыса алмайды.

**14-сурет.** Бағдарламаға қатысушыларды іріктеу критерийлері



Әрбір қатысушыға жеке қарау, оның мінез-құлқын түзету, оны зорлық-зомбылық проблемаларын топтық талқылауға тарту, өзінің мінез-құлқы үшін жауапкершілік алуы, топ қызметіне белсенді қатысуға мотивациялау мақсатында топ құрамы 4-10 адамнан құралғаны абзал. Ер адамдармен жұмыс істейтін мамандар 15-суретте көрсетілген сабақтарға рұқсаттамалар алуда белгілі бір талаптар қойылады.

**15-сурет.** Бағдарлама қатысушыларына қойылатын талаптар



Агрессорлармен жұмыс жасауда түзету бағдарламасын іске асыратын мамандар негізгі орын алады. Кадрларды іріктеу кезінде біліміне, тұрмыстық зорлық-зомбылық саласындағы жұмыс тәжірибесіне, психологиялық және педагогикалық білімінің болуына баса назар аударылады. Агрессорлармен бағдарламаны іске асыруды жүзеге асыратын мамандарға қойылатын критерийлер 3-кестеде көрсетілген.

*3-кесте. Түзету бағдарламасын іске асыратын мамандар*

АГРЕССОРЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУҒА АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ТОБЫ				
№	Лауазым атауы	Саны	Қажетті шарттар	Міндеттері
1	<b>Бағдарламаны үйлестіруші</b>	1	Психология, педагогика, медицина, әлеуметтік жұмыс саласындағы білім; 3-5 жыл жұмыс тәжірибесі; үйдегі зорлық-зомбылық саласында нақты білімі мен тәжірибесі бар	Топтың бағдарламаның кезеңдерін өтуін мониторингілеу, оқытуды ұйымдастыру, бағдарламаның жұмысын үйлестіруші ретінде бағалау
2	<b>Жаттықтырушы</b>	2	Психология, педагогика, медицина, әлеуметтік жұмыс саласындағы білімі; үйдегі зорлық-зомбылықпен жұмыс істеу бойынша тренингте арнайы дайындықтан өткен, кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесі бар	Топтың жұмысына басшылық жасайды, бекітілген бағдарламаның сақталуын қамтамасыз етеді және байланысатын адаммен қарым-қатынас жасайды
3	<b>Тәуекелдерді бағалау жөніндегі маман</b>	1	Әлеуметтік жұмыс бойынша маман, әлеуметтік педагог, тәуекелдерді бағалау дағдыларына үйретілген психолог, 3 жылдан кем емес жұмыс тәжірибесі бар	Тәуекелдерді бағалау жүйесімен жұмыс істейді. Жәбірлеушінің бірге тұратын адамымен байланыс жасайды, оны бағдарлама, ресурстар бойынша хабардар етеді, зардап шеккендерге және балаларға жеке кеңес береді

Топ жұмысын бастас бұрын, алдын-ала қарастырылуы қажет оқытуға байланысты мәселелер бар. Бұл өткізу орнына қойылатын жалпы талаптар, жарық және температуралық жағдайлар, шудың рұқсат етілген деңгейі, желдеткіш, бөлме көлемі, кеңсе тауарлары түріндегі қажетті құрал-саймандардың болуы – осының барлығы тренингтік сессияларды тиімді және табысты етуге мүмкіндік беретін жағдайлар. 16-суретте тренингтің табысты болуының негізгі элементтері көрсетілген.

*16-сурет. Тренингті ұйымдастыруда қойылатын талаптар*



Түзету бағдарламасының негізгі құралдары пайдаланылатын әдістер мен тәсілдерден басқа топтық және жеке сабақтар кезінде пайдалану үшін ұсынылған құжаттар болып табылады[23]. Олар агрессорға тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайларының тек «келеттен болмайтындығын», оның ой мен сезімнің жинақталуын қамтитындығын, алдын алуға болатын қасақана іс-әрекет болып табылатындығын түсіндіруге көмектеседі. Қажетті құжаттар пакетіне ақпараттық келісім үлгісі (4-қосымшаны қар.), «Консультацияны өткізу бойынша ақпарат» хаттамасы (5-қосымшаны қар.), басымдылық журналы (6-қосымшаны қар.) кіреді.

## 2.2. Агрессорлардың әртүрлі санаттарымен жұмыс жасаудың ерекшеліктері

Агрессор-ер адамдармен жұмыс жасай отырып, бұл мақсатты аудиторияның манипуляция дағдыларын меңгергендігіне назар аудару керек. Топтық қызмет барысында олар топпен жұмыс істейтін жаттықтырушының іс-әрекетін тексеріп, күмән келтіреді.

### АГРЕССОРЛАРДЫҢ ЕҢ КӨП ТАРАЛҒАН САНАТТАРЫ ЖӘНЕ ҚАРСЫЛАСУ ӘДІСТЕРІ

1) Қатысушы топтық қызмет процесінде ашық жауап бермейді, әзілдейді, басқа қатысушылармен орынсыз әзілдеседі, талқыланатын мәселе тақырыбынан ауытқиды. Жаттықтырушының әзілге жауап бермеуі, олардың орынсыз екеніне назар аударуы маңызды. Егер олай жасамаса, алдағы уақытта топты ұстау қиын тудырады.

2) Осы санаттағы қатысушы топтық сессия барысында даулы сәттерді бастауға және басқаларды осы процеске тартуға тырысады. Ол өзінің білетіндерін үнемі көрсетеді, бас сарапшы болғысы келеді, сонымен қатар топтың жетекшісі болып табылатын маманмен дауласады. Ол өз көзқарасын дәлелдейді және әңгімені өзі білетін нәрсеге аударуға тырысады.

3) Бұл жағдайда қатысушыға қызықты көзқарасы үшін алғыс айтып, талқыланып отырған мәселеге оралу керек. Егер қатысушы алаңдатуды жалғастырса және тынышталмаса, топқа жүгіну қажет: «Біз тақырыптарды талқылауды жалғастыра аламыз, бірақ, маман ретінде, мен осы кездесудің жұмыс жоспарын орындауым керек, бұл жұмыс аяқталғанша біз тағы да бірақ уақытқа қаламыз дегенді білдіреді. Немесе біз барлығын қазір орындап, сессияның соңында басқа тақырыптарды талқылаймыз». Осындай жағдайда топ дауласушыны сабасына түсіре алады.

4) Қатысушы үйдегі зорлық-зомбылық проблемасын талқылаудың қажеті жоқ деп мәлімдейді. Ол бұрын жасаған әрекеттерін мойындаудан бас тартады және өткенді қозғаудан еш пайда жоқ екендігін; өзгергендігін және басқа адам болғандығын; барлығын түсінгендігін мәлімдейді. Ер адамдардың осы санатына мынадай стратегия қолданылады: «Мен сіздің жетістікке жеткеніңізге сенемін. Бірақ бұл жағдайда сіз өзгерістер әрекет пен жауапкершілікті талап ететіндігін түсінесіз. Егер барлығы сіз айтқандай болса, онда сізге нәтижені бекіту үшін жұмыс жасау керек».

5) Ер адамдардың тағы бір санаты жұмысқа өнімді қатысудан бас тартады, сұрақтарға үстіртін жауап береді, сессия барысында тез ашуланады, жаттықтырушының оның әрекеті мен бірге тұрған адамы мен балаларына салдары туралы қойған сұрақтарынан ауытқып кетеді. Осындай әрекет Бағдарламадан өтудің алғашқы кезеңдерінде байқалады.

Қатысушыларға бірте-бірте әсер ету керек, яғни айтылған пікір немесе қойылған сұраққа жауап беру үшін уақытылы мақтап отыру керек. «Менің жұмысым – сіздерді кінәлау және үйрету емес. Бірақ сіздер осында болғандықтан және өздеріңіздің күштеріңіз бен уақыттарыңызды бөліп отырғандықтан, мен сіздерге осыдан оң нәтиже алуды ұсынамын».

6) Қатысушының келесі түрі тек өз проблемаларына фокусталады, барлығын кінәлап, өзін құрбан санайды. Жиі қойылатын сұрақ: «Мен не істеуім керек?», «Егер оның мамасы болмаса, мен ешқашан». Бұл жағдайда мына стратегияны қолдану керек «Осында және қазір». Қатысушыға мынадай пікірмен жүгіну керек: «Бүгін осында тек сіз барсыз. Сіздің бірге тұратын адамыңыз, бастығыңыз, туысыңыз жоқ. Сондықтан, біз оларға ықпал ете алмаймыз, бірақ біз сіздердің қарым-қатынастарыңызды өзгерте аламыз». Қатысушыны «Осында және қазір» ережесін еске сала отырып, талқыланып отырған тақырыпқа тартуға тырысу керек.

7) Қатысушының басқа түрі маманға қатысты агрессиялық әрекетін және агрессивтілігін көрсетеді, әсіресе ол сессияға мәжбүрлі түрде қатысқан жағдайда. Бұл «Мен неге осында болуым керек?», «Сіз мен туралы жаңа ештеңе айтпайсыз», «Мен сізсіз де барлығын жақсы білемін» деген сөздер арқылы көрініс табады. Бұл жағдайдағы үздік стратегия – фокусты маманнан ауыстыру. Маман: «Егер сіздің көңіліңізден шықпайтын бір нәрсе болса, онда сіз сессиядан шыға аласыз». Қатысушы: «Мен бағдарламаға шақырту бойынша қатысып отырмын, егер мен кетсем, мені жауапкершілікке тартады». Маман: «Онда сіз де түсінесіз, мен де кете алмаймын және міндеттерімді атқаруым керек, және, екеуіміз де осында болуға мәжбүрміз, сондықтан ары қарай дауласуға негіз жоқ».

8) Агрессорлар жиі қарсыласудың араласқан стратегияларын пайдаланады. Агрессиялық әрекет девиантты мінез-құлыққа жататындығын және осындай клиенттерге кеңес беру білікті бағалау мен жеке бағытты талап ететіндігін есте ұстау керек. Егер қатысушы жаттықтырушының білікті емес екендігін сезсе, онда келешекте ондай қатысушы оның сөздеріне күмән келтіріп, топты ойын-сауық алаңына және ойынға айналдыруға тырысатын болады.

Осыған байланысты топты әйел жаттықтырушы басқаратын жағдай ең қиын болып саналады. Егер ол қатысушылардың негізгі санынан жас болса, ол автоматты түрде жыныстық объект ретінде қабылданады және оның құнсыздануына әкеледі.

Бағдарлама маманының агрессормен қарым-қатынасында маңызды проблемалардың болуы және қатысушылардың бірімен келісе алмауы маманның қателіктерін немесе қатысушының психологиялық патологияларының бар екендігін көрсетуі мүмкін.

Бұл гипотезаны тексеру үшін Бағдарламаға қатысушымен жеке диагностика жүргізу және оны топтық жұмыстан жеке консультацияға ауыстыру қажет.

Мұндай жағдайда топта патологиясы бар немесе қарсыласушы агрессордың болуы түзету жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік бермейді және топтың жетекші маманының эмоциялық күйзеліске ұшырауына әкеледі.



### III. ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ- ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУДЫ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІК, ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ  
ӘҢГІМЕЛЕР, ЕСКЕРТУ, ЕСЕПKE АЛУ, ҰЙҒАРЫМ

Отбасында зорлық-зомбылықтың пайда болуының әртүрлі табиғаты болуы мүмкін. Ең алдымен бұл отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына байланысты. Бұл ретте тәуекел тобында ювеналдық полицияда есепте тұрған қолайсыз отбасылар кіреді. Бұл ата-ананың бірі немесе екеуі де спирттік ішімдіктерді, есірткілерді пайдаланатын, құмар ойындарға бейім отбасылар. Қолайсыз отбасылардың құрамына толық емес отбасылар, ата-аналары психологиялық диспансерде есепте тұрған отбасылар, мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдауға мұқтаж отбасылар да кіреді.

Зорлық-зомбылықтың құрбандары әйелдер мен ер адамдар, балалар мен егде жастағы адамдар болуы мүмкін. Тәуекел тобына көбінесе балалар мен әйелдер кіреді. Өкінішке орай, белгіленген топтар агрессорларға табиғи және моральдық қарсылық көрсете алмайды. Құрбандардың өздері жиі зорлық-зомбылық актілері жасалғандығын түсінбейді.

«Отбасындағы зорлық-зомбылық» түсінігінің анықтамасын және оны әкімшілік-құқықтық реттеудің тетіктерін қарастырайық. ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңына сәйкес, отбасындағы зорлық-зомбылық былай түсіндіріледі: «...отбасылық-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы бір адамның басқа адамға (басқаларға) қатысты табиғи және психикалық зардап келтіру қаупінен тұратын немесе қауіп тудыратын қасақана құқық бұзушылық әрекеті (әрекеті немесе әрекетсіздігі)»<sup>1</sup>.

## ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Отбасындағы зорлық-зомбылықты әкімшілік-құқықтық реттеу, ең алдымен, тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы ескертудің және алдын алудың негізгі шаралары көрсетіліп жазылған ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңына негізделеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жәбірленуші немесе үшінші адам полицияға өтініш берген кезде тұрмыстық зорлық-зомбылық әрекеті жасалғаннан кейін қолданылады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасын қолданудың екінші себебі ішкі істер органы қызметкерінің тұрмыстық зорлық-зомбылық жасау не оны жасауға әрекет жасау фактісін анықтауы болып табылады. Үшінші себеп – мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан түсетін материалдар.

### ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ

#### ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

##### **Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жүйесіне мынадай шаралар кіреді:**

- профилактикалық әңгімелесу,
- агрессор ұсталған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау жүзеге асырылады,
  - қорғау ұйғарымы,
  - медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары,
  - құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу,
  - әкімшілік жаза,
  - ата-ана құқығынан айыру не шектеу, баланы асырап алудың күшін жою, қамқоршылар мен тәрбиешілерді өз міндеттерін атқарудан босату және шеттету, баланы патронат тәрбиешіге тәрбиелеуге беру туралы шартты мерзімінен бұрын бұзу,
    - қылмыстық процесте жәбірленушілердің ісі бойынша мәжбүрлеу амалдары және қауіпсіздік шаралары,
    - сот үкімі бойынша қабылданатын шаралар<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңы

## **ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ӘҢГІМЕЛЕСУ**

Агрессормен профилактикалық әңгімелесу отбасы мүшелеріне қатысты зорлық-зомбылық әрекеттері расталған немесе анықталған жағдайда жүргізіледі. Профилактикалық әңгімелесу тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаудың себептері мен жағдайларын анықтау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әлеуметтік және құқықтық салдарын түсіндіру және заңға мойынсұнушылық мінез-құлықтың қажеттілігіне көз жеткізу мақсатында өткізіледі. Агрессорға әкімшілік жазалау шараларын қолдану кезінде полиция профилактикалық әңгіме жүргізеді, ол бір сағаттан аспайтын уақытқа созылады. Егер кәмелетке толмаған адам агрессор ретінде әрекет етсе, профилактикалық әңгімелесу ата-анасының немесе заңды өкілдерінің қатысуымен өткізіледі.

## **ЕСКЕРТПЕ**

Агрессорға ескерту құқық қорғау ұйымдарының ұйғарымы түрінде шығарылады. ҚР «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңына сәй-кес, қорғау ұйғарымы құрбанды агрессордың тарапынан қайта зорлық-зомбылық көруінен қорғау мақсатында шығарылады. Қорғау ұйғарымы агрессордың жәбірленушімен байланысқа түсуінің кез келген түрінен қорғауды көздейді. Осы шешімді бұзу жеке шығарылатын заңды санкцияларға алып келеді.

## **ЕСЕПКЕ АЛУ**

Агрессорды есепке қою отбасында зорлық-зомбылық әрекетін полиция тіркегеннен кейін, сондай-ақ агрессорға ұйғарым шығарылған жағдайда орындалады. Содан кейін полиция аптасына кемінде бір рет жүргізілетін профилактикалық бақылауды жүзеге асырады.

## **ҰЙҒАРЫМ**

Зорлық-зомбылықтың тіркелген актісінің дамуының екі перспективасы болуы мүмкін – біріншіден, агрессорды полицияда ұстап, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы бағытталған алдын алу бағдарламасына қатыстыра алады. Екіншіден, агрессорға қатысты әкімшілік жазалау жүзеге аспаса, ұйғарымдар қолданылуы мүмкін – онда агрессорды полицияда ұстай алады.

Мұндай құжат отбасына онын жекелеген мүшелеріне қатысты зорлық-зомбылық жасаған адамға беріледі. Ұйғарым әкімшілік жазалау үшін жәбірлеушіні ұстаудың себептері болмаған жағдайда шығарылады. Мұндай іс-шара тек 16 жасқа толған тұлғаға қатысты шығарылуы мүмкін.

Ұйғарымның мазмұны жәбірленушінің еркіне қарамастан, кәметке толмаған және (немесе) оның отбасының әрекетке қабілетсіз мүшелерін қоса алғанда, тұрмыстық зорлық-зомбылық жасауға тыйым салуды қамтиды. Ұйғарымның қолданылу мерзімі бір айды құрайды.

## **IV. АГРЕССОРЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҮЛТТЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ**

Тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресудің кешенді әдісінің маңызды элементі агрессор ер адамдармен жұмыс істеу жөніндегі бағдарламалар болып табылады. Агрессорларды өздері жасаған зорлық-зомбылығы үшін жауапкершілікті өзіне қабылдауға шақыра отырып, агрессорларға арналған бағдарламалар әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты ақтайтын немесе тікелей мақұлдайтын көзқарастар жүйесін жою үшін өте маңызды.

Агрессор ер адамдарға (әйелге – бірге тұратын адамына қатысты зорлық-зомбылық жасаған ер адамдарға) арналған бағдарламалардың мазмұны, қолдану саласы, ұзақтығы және қарқындылығы жағынан ерекшеленеді. Осындай бағдарламалардың басым бөлігі әлемнің көптеген дамыған елдерінде әзірленді және енгізілді.

Біз АҚШ, Аустрия, Норвегия, Испания секілді жетекші мемлекеттерде, сондай-ақ Беларусь және Ресей сияқты ТМД елдерінде агрессорлармен жұмыс істеу жөніндегі бағдарламаларды іске асыру тәжірибесін қарастырамыз.

### **АУСТРИЯ**

Жағымды мысал ретінде Еуропадағы үйдегі зорлық-зомбылыққа қарсы күрес саласындағы ең прогрессивті заңнамаға ие Аустрияның үлгісін қарастыру ұсынылады. 1997 жылдан бастап онда отбасындағы зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі Федералдық заң жұмыс істейді. 2009 жылдан бастап «Үйдегі зорлық-зомбылықтан қорғау туралы екінші заң» күшіне енді және шаралар одан әрі жетілдірілді. Бұл заңдар жәбірленушілерді полиция және азаматтық құқық күштерімен қорғауды, сондай-ақ жәбірлеушіні қылмыстық қудалау шараларын қамтиды.

Аустрияда үйдегі зорлық-зомбылықтың және оның рецидивінің алдын алуда полиция беретін көшіру туралы ұйғарымдар және сот беретін қорғау ұйғарымдары сияқты мемлекеттік мәжбүрлеу формаларын пайдаланудың маңызы зор. Қазіргі уақытта мұндай ұйғарымдар жәбірленушіні табиғи немесе психологиялық зорлық-

зомбылық немесе осындай зорлық-зомбылық қолдану қаупі фактісінен кейін 14 күн ішінде, сондай-ақ ізге түсу жағдайларында беріледі, зардап шеккен тараптың арызы бойынша бұл мерзім ұзартылуы мүмкін. Осындай қорғау шараларының әрекеті кең аумақтарға – зардап шеккен адамның үйі мен қоршаған аумаққа, жұмыс орны мен балаларға баратын мектепке таратылуы мүмкін, сондай-ақ кез келген байланысқа тыйым салынады. Жыл сайын Аустрия полициясы 6,5 мыңнан астам адамға осындай ұйғарым шығарады.

Аустриядағы зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жүйесі отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру көптеген субъектілерін қамтиды. Аустрияда құқық қорғау өкілеттіктерінің бір бөлігін мемлекеттік органдардан үкіметтік емес ұйымдарға беру жүзеге асырылды. Полиция және әлеуметтік қызметтердің іс-қимылдарын үйлестіруді жүзеге асыратын интервенция орталықтарының желісі жұмыс істейді және зардап шеккендерге белсенді көмек көрсетуді іске асырады, сондай-ақ отбасында зорлық-зомбылық жасаған ер адамдармен түзету жұмыстарының бағдарламалары енгізілді.

Осындай бағдарламалардың бірі – **«Managinganger» (Ашу-ызаны басқару)**<sup>1</sup>.

«Ашу-ызаны басқару» – бұл ашу-ызаға байланысты мәселелер бойынша көмек пен қолдауды қажет ететін адамдар үшін жасақталған топтық бағдарлама. Бағдарлама ашу-ыза белгілерін анықтауға және оны басқаруға үйренгісі келетін агрессор ер адамдарға арналған. Бағдарлама арқылы қатысушылар ашу-ызаға байланысты сезімдер мен ойлар туралы түсінік алып, шиеленістерге қарсы күрестің тиімді стратегиялары туралы біледі.

## **ИСПАНИЯ**

2004 жылы Испания гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы интеграцияланған қорғау шаралары туралы акт қабылдады, ол құқықтық жүйенің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықпен күрес жөніндегі жұмыс барысын түбегейлі өзгертті.

Акт Қылмыстық кодекстің реформасын және үйдегі зорлық-зомбылықтан зардап шеккендер үшін қорғауордерлерін қолдануды бастауды қоса алғанда, құқықтық реформа саласының басқа да

---

<sup>1</sup> <https://www.relationshipsnsw.org.au/support-services/managing-anger/>

тұстарын толықтырады (2003)<sup>2</sup>. Қорғау ордерін алу үшін өздеріне қауіп төніп тұрғандығын сезетін гендерлік зорлық-зомбылықтың кез келген құрбаны (бұрынғы және қазіргі ерлі-зайыптыларды бірге тұратындарды, азаматтық некедегі ерлі-зайыптыларды қоса алғанда, кеңінен анықталады) полицияға, сотқа, прокуратураға немесе әйелдерді қолдауға бағытталған мемлекеттік орталыққа жүгіне алады. Істі қарау 72 сағаттан кешіктірілмей өтуі тиіс және төрағалық етуші сот ордерінің мерзімінің ұзақтығын шешеді. Сот айыпталушыға үйде, жұмыста немесе коммуникация құралдары арқылы байланыс жасауға тыйым салуы мүмкін. Тәуекел жоғары болған жағдайда сот тәртіп бұзушыны сотқа дейін ұстау туралы шешім қабылдай алады. Жәбірленушілер баланы қамқорлыққа алу, баланы қолдау және өмір сүру үшін қаражат сияқты мәселелерді шешу үшін қылмыстық істі қараумен қатар азаматтық заңнамаға жүгіне алады. Испан заңнамасы әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық жасаған адамдардың ордері екі жылдық мерзімде болса, онда оған қатысты қылмыстық жазаны тоқтата тұруды немесе ауыстыруды көздейді, бірақ айыпталушы осы жағдайда міндетті түрде қорғау ордерін сақтауы және агрессорлар үшін психологиялық емдеуге қатысуы керек.

Жалпы, Испаниядағы осындай құқықтық өзгерістер оң ықпалын тигізді, бұрын жеке іс болып саналған мәселе қоғамдық проблемаға айналды және мемлекеттің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық мәселесін шындап қарастыратындығы туралы белгі берді. Заңды қабылдау нәтижесінде полиция, прокуратура және сот жүйесі өз жұмысын тиімді үйлестіре алады<sup>3</sup>.

## **НОРВЕГИЯ**

Норвегия отбасы жағдайын жақсартуда елеулі табыстарға қол жеткізді. Көптеген жылдар бойы отбасына қатысты саясат үйдегі зорлық-зомбылықты тоқтатуға және отбасы өмірінің құндылықтарын сақтауға бағытталған. 2014 жылдан бастап бұл салада бірқатар іс-шаралар жоспары басталды. Зорлық-зомбылықтың алдын алу, қызметтердің сапасын арттыру және үйлестіру, сондай-ақ білім мен тәжірибені кеңейту жөнінде кешенді шаралар қабылданды.

<sup>2</sup> <https://slideplayer.com/slide/5672242/>

<sup>3</sup> [http://www.osce.org/gender/item\\_6\\_32383.html](http://www.osce.org/gender/item_6_32383.html)

Норвегияда 1987 жылы құрылған және Еуропадағы ең көне ұйым болып табылатын «Зорлық-зомбылықтың баламасы» (ATV) бағдарламасы іске асырылуда. ATV – бұл отбасындағы зорлық-зомбылықты тоқтату және осы мәселені кәсіби зерттеумен айналысатын коммерциялық емес және үкіметтік емес ұйым. Бағдарлама зорлық-зомбылық жасаған адамдарға, сондай-ақ тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған ересектер мен балаларға және зорлық-зомбылыққа бейім жасөспірімдерге психологиялық емдеуді ұсынады. Бүгін ATV-нің Норвегияда 13 кеңсесі бар. Бағдарлама емхана ретінде жұмыс істейді. Клиенттер өздері хабарласады (60-70 %) немесе мемлекеттің уәкілетті органдарының шешімімен жіберіледі (30-40 %). Өз қалауы бойынша өтініш білдіргендердің ішінен көптеген клиенттер бірге тұратын адамымен келеді, себебі ол терапиядан өтпесе қарым-қатынастарды үзетіндігін айтады. Терапия ұзақтығы: жеке – 10 ай, топтық – 1,5 жыл. ATV жұмысы негізінен Штаттың үкіметі және жергілікті билік органдарының жарналары есебінен қаржыландырылады.

## **АҚШ**

АҚШ-та өткен ғасырдың 80-ші жылдары жасалған және зорлық-зомбылықпен кешенді жұмыс жөніндегі ең танымал және сұранысқа ие модель болып табылатын Дулут үлгісі белсенді қолданылады. Оны Оңтүстік Американың бірқатар елдерінде, Ұлыбританияда, Швецияда ұлттық модельдер жасау кезінде негізге алды. Бұл модельде агрессор онымен түзету жұмысы жүргізілетін топқа жіберіледі: алдымен әкімшілік, содан кейін келіспеген жағдайда қылмыстық қудалау жолымен. Әйелге баспана беру арқылы көмек және басқа да қажетті қолдау көрсетіледі.

Қазіргі уақытта АҚШ-та бір жарым мыңға жуық ерікті және мәжбүрлі бағдарламалар бар<sup>4</sup>. Осындай бағдарламалар көбінесе топтық жұмыс ұсынады, сонымен қатар агрессор мен оның құрбандары үшін жеке психологиялық кеңестер немесе отбасылық терапия жүзеге асырылады. Үйде зорлық-зомбылық жасағандар үшін топтарды лицензияланған терапевттердің жүргізуі міндетті емес: үй зорлығының бұрынғы құрбандары немесе өз мінез-құлқын саралаған және басқаларға көмектескісі келетін агрессорлардың өздері координаторлар бола алады. Бірақ бұл жұмыс мүлдем бақыланбайды

---

<sup>4</sup> <https://dvip.org/mens-services.htm>



дегенді білдірмейді: ұйымдар арнайы әдістемелер бойынша жұмыс істейді және қызметкерлер үшін тренингтер өткізеді.

## **РЕСПУБЛИКА БЕЛАРУСЬ**

Агрессивті ер адамдарға арналған терапияның ұлттық моделі Беларусь Республикасы Ішкі істер министрлігінің басшылығымен және Ұлыбритания үкіметінің қолдауымен «Беларусь Республикасында гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ұлттық әлеуетті нығайту» халықаралық Техникалық Көмек жобасы шеңберінде іске асырылады.

Бағдарлама моделін Дулуттық үлгі негізінде, «United Nations Population Fund» ұлттық сарапшысы, психолог Роман Крючков әзірлеген, ол оны мекемелердің, құрылымдардың, мамандар санаттарының ерекшеліктерін ескере отырып, Беларусь шындығына бейімдеген.

**Өз жақындарына зорлық-зомбылық көрсеткен агрессорларға арналған бағдарлама келесі ер адамдардың әртүрлі санаттарымен жұмыс істеуге мүмкіндік береді:**

- қылмыстық іс жасағандар және пенитенциарлық мекемелерде жазасын өтеуші;
- бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза алғандар;
- мерзімінен бұрын шартты түрде босату кезінде бостандыққа шыққан адамдар;
- қылмыстық іс жасағандар және бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды өтеуші;
- қылмыстық іс жасаған және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, қылмыстық-атқару инспекциясының қадағалауында тұрған адамдар;
- әкімшілік құқық бұзушылық жасаған және оларға қатысты қорғау ұйғарымы шығарылған;
- серіктес ұйымдар мен қызметтердің бағыттары бойынша бағдарламаға қосылғандар;
- Бағдарламаға ерікті түрде қосылғандар.

**Ұлттық модель агрессордың түзету бағдарламасын екі негізгі кезеңде өтуін көздейді<sup>5</sup>.**

---

<sup>5</sup> [https://belarus.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/анализ%20работы%20с%20мужчинами\\_агрессорами\\_0.pdf](https://belarus.unfpa.org/sites/default/files/pub-pdf/анализ%20работы%20с%20мужчинами_агрессорами_0.pdf)

1-кезең 50 минут болатын 10 жеке сессиядан тұрады. Оның міндеті – ер адамдарға табиғи зорлық-зомбылықты тоқтатуға, бірге тұратын адам мен балалар үшін өзінің мінез-құлқының салдары үшін жауапкершілік алуға және бірге тұратын адамы мен балаларына деген сезімді қалыптастыруға көмектесу. Бұл ретте алғашқы 4 сессия мотивациялық кеңес беруге, тәуекелді бағалауға және бағдарламаны өтуге жарамды екендігін анықтауға арналған. Келесі 6 жеке сессия топтық жұмыс блоктары арасында өтеді және бағдарламаның сәтті өтуін бағалау үшін, сонымен бірге клиентті оны жалғастыруға мотивациялау үшін де қызмет етеді.

2-кезең 20 апталық топтық сессиядан, 1,5-2 сағаттан, рецидивтердің алдын алу бойынша кемінде төрт сессиядан тұрады. Оның міндеті – табиғи зорлық-зомбылық көрсетуді тоқтатқан ер адамдарға көмектесу, бұрын зорлық-зомбылыққа негіз болған қорлау және бақылау арқылы көрініс табатын мінез-құлық мәселесін шешу. Агрессор-ата-аналар үшін балаларды позитивті тәрбиелеу бойынша жұмысты қамтиды.

## **РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ**

Ресей Мемлекеттік Думасы 2017 жылдың қаңтарында үйдегі зорлық-зомбылықты қылмыс деп танудан бас тартты: жақындарын ұрып-соғу қылмыс болып саналмайтын болды және әкімшілік құқық бұзушылықтар қатарына өтті. Сонымен қатар, ИМ ресми статистикасы бойынша 2016 жылы үйдегі ұрып-соғудан 57 мың адам зардап шекті, нақты сан одан да жоғары. Қазақстанда жақындарын ұрып-соққандардың қылмыстық жауапкершілікке тартылмайтындығын атап көрсеткен жөн.

Ресейде агрессорлармен негізінен америкалық әдістемелер бойынша жұмыс істейтін мамандар бар. Алайда, ер адамдар сот шешімімен емес, тек қана өз қалауы бойынша немесе арнайы қызметтердің жолдамасымен жүгіне алады.

Ерлі-зайыптылар арасындағы агрессия мен қатыгездік мәселесін шешуге біржақты көзқарас тиісті қызметтер мен мекемелердің жұмысында қажетті тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік бермейді. Ресейде де, Қазақстанда да агрессор ер адамдармен жұмыс істеудің ұлттық бағдарламалары жоқ. Ер адамдар осындай проблемамен психологқа өздері келетін жағдай жалғыз ғана болуы мүмкін,

яғни ішкі мотивация емес, сыртқы мотивация бастапқы орын алады. Билік қоғамда агрессор өзінің мінез-құлық стилін өзгертуге мәжбүр болатындай жағдай жасауы тиіс. Ол үшін жаза да, ынталандыру да қолданылуы мүмкін. Сонда осындай бағдарламалардың тиімділігі артады деп үміттенуге болады.

Отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылдың қазақстандық жүйесін реформалау кезінде халықаралық тәжірибені пайдалану жаңалықтарды апробациялау үшін уақытты қысқартуға, жобалық жұмыстың сапасын арттыруға, осы саладағы мемлекеттік саясатты іске асыруға жауапты құрылымдарды қалыптастыру кезінде ресурстарды бөлуге, сондай-ақ олардың бірлескен қызметін үйлестіру тәртібін айқындауға мүмкіндік береді.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ер адамдар тарапынан әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық әрбір отбасында орын алатындығын және ол өте маңызды, кең таралған проблема болып табылатындығын ескере отырып, зорлық-зомбылық актілеріне айыптыларды зерделеу, оларға ескерту жасау, қорлаудан зардап шеккендерді қорғауды қамтамасыз ету мәселелеріне тиісті назар аудару қажеттілігі туындайды.

Агрессор ер адамдармен жұмыс істейтін ұйымдардың рөлі мен мамандардың жауапкершілігі артып келеді. Негізгі жұмыс отбасындағы зорлық-зомбылықты тоқтатуға, отбасындағы зорлық-зомбылықтан зардап шеккен әйелдер мен балалардың қауіпсіздігін арттыруға, гендерлік теңдікті күшейтуге бағытталуы тиіс.

Осыған байланысты түзету бағдарламаларын іске асыру үшін шағын орталықтар құру мәселесі туындайды, олар өздерінің объектісі – топтары, қаржыландыру, құқықтық негіздері, жұмыс жағдайлары және басқа да көптеген аспектілер бойынша әртүрлі болып табылады.

Агрессорлармен жұмыс жөніндегі түзету бағдарламасын іске асыру кезінде агрессор ер адамдармен бірге тұратын адамдарды бағдарламаның мақсаттары мен мазмұны туралы, оның шектеулері туралы (ол агрессиядан арылуға кепілдік бермейді) хабардар ету маңызды шарт болуы тиіс. Бұдан басқа, бірге тұратын адамдар өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қай жерде қолдау ала алатынын және не істей алатынын білуі тиіс.

Қауіпті жағдайда қабылдануы тиіс нақты қадамдарды қоса алғанда, балаларды қорғаудың арнайы саясаты туралы мәселеге міндетті түрде назар аудару қажет.

Агрессор ер адамдарға арналған түзету бағдарламалары қатысушыларға келтірілген зорлық-зомбылық пен оның салдары үшін жауапты екенін жеткізіп айтуы керек.

Тәуекелдерді бағалау өте маңызды. Бағалау басында да, агрессордың мінез-құлқы өзгеретін жағдайда да жүргізілуі керек және құжатта тіркелуі тиіс.

Агрессорлармен жұмыс жасауда осы санатта жұмыс істейтін мамандар ерекше орын алуы тиіс. Үйдегі зорлық-зомбылықпен белгілі бір жұмыс тәжірибесі бар ер адамдарды, әсіресе мамандарды мұқият іріктеуді жүзеге асыру қажет.

## ҰСЫНЫСТАР

**БІРІНШІДЕН,** қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар саласында қазақстандық қоғамдағы тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы зерттеулерді дамыту қажет. Бұл зерттеулердің мақсаты – тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ауқымы мен диагностикасын айқындау, әйелдер мен балаларға қатысты отбасындағы зорлық-зомбылықты жандандыратын негізгі себептерді анықтау.

**ЕКІНШІДЕН,** тұрмыстық зорлық-зомбылықты төмендету және тоқтату мақсатында отбасында агрессорлармен жұмыс істеу үшін шағын орталықтардың пилоттық жобаларын құру туралы мәселе туындайды, онда ер адамдарға арналған түзету бағдарламасы аясында дайындалған кадрлар жұмыс істейтін болады.

**ҮШІНШІДЕН,** отбасындағы зорлық-зомбылықпен тиімді күресу үшін отбасындағы зорлық-зомбылық проблемасымен жұмыс істейтін басқа қызметтермен, мекемелермен және мамандармен (мысалы, әлеуметтік қызметтер, құқық қорғау органдары, медициналық қызметтер, балаларды қорғау жөніндегі қызметтер) ынтымақтастық орнату және желілер құру маңызды шарт болып табылады.

**ТӨРТІНШІДЕН,** қаржыландыру мемлекеттік және жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылуы мүмкін отбасында зорлық-зомбылық жасаған адамдарға қызмет көрсететін үкіметтік емес ұйымдарды дамыту қажет.

**БЕСІНШІДЕН,** Испания мен Аустрияның тәжірибесі бойынша полиция беретін қоныс аудару туралы ұйғарымдар және сот беретін қорғау ұйғарымдары сияқты мемлекеттік мәжбүрлеу нысандарын пайдалану енгізілсін.

**АЛТЫНШЫДАН,** тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемаларын кеңінен жариялау үшін ақпараттық білім беру жұмысы жүзеге асырылуы тиіс. Бұл мемлекеттік құрылымдар мен мемлекеттік емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстелдер, семинарлар, тренингтер, акциялар мен түрлі іс-шаралар өткізу; зорлық-зомбылықпен жұмыс істеу бойынша әдістемелік әдебиеттерді (буклеттер, брошюралар, құралдар) әзірлеу және тарату; «Сенім телефондары» форматында жедел желіні көпшілікке тарату және сүйемелдеу.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. И.Феткулова. Домашнее насилие. URL:<https://www.b17.ru>
2. Я.Чежина. Агрессивность детей и подростков./ Профи-Центр «Пятый Элемент» URL:[yandex.webcache.net](http://yandex.webcache.net)
3. Немов Р.С. Психологический словарь. М.: Гуманитар. изд. центр ВЛАДОС, 2007.-560с:ил
4. С.Трошина. Понятие, причины, формы и виды насилия-определение в психологии. Последствия насилия у взрослых. Профилактика и реабилитация./Советы психолога. URL: <https://psychologist.tips>
5. Закон Республики Казахстана «О профилактике бытового насилия» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.07.2018). В статью 4 внесены изменения в соответствии с Законом РК от 18.02.14 г. № 175-V (см. стар. ред.)
6. Румянцева Т.Г. Агрессия и контроль // Вопросы психологии. 1992. № 5, 35
7. Отчет «Выборочное обследование насилия в отношении женщин в Казахстане» Статистического комитета Министерства национальной экономики Республики Казахстан. Астана. -2017. -252 с.  
URL:[gender.stat.gov.kz](http://gender.stat.gov.kz)
8. Глобальные и региональные оценки насилия в отношении женщин: распространенность и последствия для здоровья в связи с насилием со стороны интимного партнера и сексуального насилия со стороны лица, не являющегося партнером. Всемирная организация здравоохранения.  
URL: <https://www.who.int/reproductivehealth/publications/violenc>  
URL: <https://apps.who.int/iris/bitstream/handle>
9. Репродуктивное здоровье населения России. 2011. Резюме отчета. ЮНФПФ, 2012. URL: [www.demoscope.ru](http://www.demoscope.ru)
10. «Личностная агрессивность и конфликтность». (Авторы: Е.П. Ильин и А.П. Ковалёв). Практикум по возрастной психологии: Учеб. пособие/ Под ред. Л.А. Головей, Е. Ф. Рыбалко. - СПб.: Речь, 2002. - 694 с. - С.396.
11. Проблема агрессии в психологической науке. URL: [lektsii.org](http://lektsii.org)
12. Левитов Н.Д. Психическое состояние агрессии // Вопросы психологии. 1972. № 6

13. ISRA: Международное общество по изучению агрессии. URL: [abbreviationfinder.org](http://abbreviationfinder.org)

14. Методы психологической диагностики и агрессивности школьников: Учебно-методическое пособие/Сост. Л.В.Шипова.-Саратов, 2006.-56с.

Психологическая диагностика. URL: <https://sites.google.com>

15. Методика «Определение интегральных форм коммуникативной агрессивности (В.Бойко)». URL: <https://sites.google.com>

16. Диагностика враждебности (по шкале Кука – Медлей). Психологический практикум. URL: <https://psylist.net>

17. Шкала открыто проявляемой агрессии. Психологическая диагностика. URL: <https://sites.google.com>

18. Е.П.Ильин и П.А.Ковалев. Методика «Личностная агрессивность и конфликтность». URL: [www.nekrasovspb.ru](http://www.nekrasovspb.ru)

19. Белый Б.И.-Тест Роршаха. Практика и теория/Под ред. Л.Н.Собчик.-СПб.: ООО «Каскад», 2005.-240 с.

20. Леонтьев Д.А. Тематический апперцептивный тест: 2-е изд., стереотипное. М.: Смысл, 2000.-254 с.

21. Тест руки (Hand Test) / Елисеев О.П. Практикум по психологии личности – СПб., 2003. С.310-327

22. Д.Я.Райгородский. Практическая психодиагностика. Методики и тесты. Учебное пособие.-Самара: Издательский Дом «БАХРАХ-М», 2001.-672с

23. Роман Крючков, Андрей Максименко. Анализ опыта работы с мужчинами-агрессорами, проявляющими насилие в отношении своих близких в Республике Беларусь. 2018.-33с.

24. Закон РК «О профилактике бытового насилия»

25. Левитов Н.Д. Психическое состояние агрессии // Вопросы психологии. 1972. № 6.

26. Бэрн Р., Ричардсон Д. Агрессия.-СПб: Питер, 2001.-352 с: ил.- (Серия «Мастера психологии»).

27. В.Л.Васильев. Юридическая психология: Учебник для вузов. 6-е изд.-СПб.: Питер, 2009.-608с.:ил.- (Серия «Учебник для вузов»).

28. Х.Хекхаузен. Агрессия//Мотивация и деятельность. М., 1986,

т.1, с.365-405.ФЛОГИСТОН. URL: [http://flogiston.ru/library/agression\\_border](http://flogiston.ru/library/agression_border)

29. Психологическая диагностика в практике врача. URL: [med-tutorial.ru](http://med-tutorial.ru)

30. Жмуров Д.В. Словарь терминов агрессии и насилия. Анатомия жестокости.LAP LAMBERT Academic Publishing, 2011.-272 с.

31. Т.Ларова .Психолог. URL:[tatiana-psycholog.ru](http://tatiana-psycholog.ru)

32. Ассаджиоли Р.А. Психосинтез. Принципы и техники / Пер. с англ. Е.Перовой.-М.: Изд-во ЭКСМО-Пресс, 2002. - 416 с. (Серия «Психологическая коллекция»).

33. Виды агрессивного поведения. URL: <https://psyera.ru>

34. Н.Ф.Басова. Учебное пособие для студентов высших учебных заведений, обучающихся по направлению подготовки «Социальная работа». -2013.-22с.

35. Соколова Е.Т. Психологическое исследование личности: проективные методики.-М.теис, 2002.-150 с.

36. Психологическая безопасность. Учебное пособие. URL: [http://www.libma.ru/psihologija/psihologicheskaja\\_bezopasnost\\_uchebnoe\\_posobie/index.php](http://www.libma.ru/psihologija/psihologicheskaja_bezopasnost_uchebnoe_posobie/index.php).

37. Н.П. Фетискин, В.В.Козлов, Г.М.Мануйлов. Социально-психологическая диагностика развития личности и малых групп. М. Изд-во Института Психотерапии. 2002

38. Измерение насилия в отношении женщин: Дальнейшая разработка исследований и методов сбора сопоставимых данных на основе исследований, проведенных Агенством Европейского союза по основным правам в 28 странах ЕС. Доклад Агенства Европейского союза по основным правам (АОП). Вильнюс. Литва.1-3 июня 2016. Пункт 6.



## АГРЕССИЯНЫ ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ (Ч.СПИЛБЕРГЕР)

Осы әдістемені 1995 жылы Ч. Спилбергер әзірледі [29].

### НҰСҚАУЛЫҚ

«Бұл шкала үш бөлікке бөлінген. Әрбір бөлімде адамдардың сезімдері мен іс-әрекеттерін сипаттайтын тұжырымдар бар. Әрбір бөлімнің жеке нұсқауы бар екеніне назар аударыңыз. Мұнда дұрыс және бұрыс жауаптар жоқ. Сізді қайсысы дәлірек сипаттайды, сол жауапты таңдаңыз».

#### Жауаптар үшін шкала:

- 1 – толығымен жоқ;
- 2 – аз ғана;
- 3 – орташа;
- 4 – өте.

#### 1. Мен қазір өзімді қалай сезінемін?

Сіз өзіңізді ҚАЗІР қалай сезінесіз, соған сәйкес жауапты белгілеңіз. Ойлануға тым көп уақыт жұмсамаңыз және мұнда жақсы немесе жаман жауаптар жоқ екенін есте сақтаңыз.

*1-кесте. Сыналушының қазіргі кездегі эмоциялық жағдайы*

1	Мен ызалымын	1	2	3	4
2	Мен өзімді ашулы сезінемін	1	2	3	4
3	Мен ашулымын	1	2	3	4
4	Менің біреуге айқайлағым келетін сияқты	1	2	3	4
5	Менің бірдеңені бұзғым келетін сияқты	1	2	3	4
6	Мен жынданып тұрмын	1	2	3	4
7	Менің үстелді жұдырықпен ұрғым келетін сияқты	1	2	3	4
8	Менің біреуді ұрғым келетін сияқты	1	2	3	4
9	Мен ашудан жарылуға аз қалып тұрмын	1	2	3	4
10	Менің ұрысым келіп тұрғанын сеземін	1	2	3	4

## 2. Мен әдетте өзімді қалай сезінемін?

Сіз өзіңізді ӘДЕТТЕ қалай сезінесіз, сол жауапты белгілеңіз. Ойлануға тым көп уақыт жұмсамаңыз және мұнда дұрыс және бұрыс жауап жоқ екенін есте сақтаңыз.

*2 кесте. Әдеттегі өмірде сыналушының эмоциялық жағдайы*

11	Мен тез ашуланамын	1	2	3	4
12	Мен тез ашуланатын темпераменті бар адаммын	1	2	3	4
13	Мен күйгелек адаммын	1	2	3	4
14	Мен басқалардың қателіктері үшін баяу қимылдауға тура келген кезде ашуланамын	1	2	3	4
15	Мен егер менің жұмысымды бағаламаса, ашуланамын	1	2	3	4
16	Мен ашудан тез жарылатын адаммын	1	2	3	4
17	Мен ашулы кезімде өте жағымсыз сөздер айтамын	1	2	3	4
18	Мені басқалардың көзінше сынаған кезде, қатты ашуланамын	1	2	3	4
19	Бірдеңеге көңілім толмаса және бірдеңе қолымнан келмесе, менің біреуді ұрғым келеді	1	2	3	4
20	Мен жақсы жұмыс істесем де, басқалар оны нашар деп бағаласа, қатты ашуланамын	1	2	3	4

## 3. Мен ашуланғанда және ызаланғанда?

Әрқайсымыз ызалы және кейбір сәттерде ашулы боламыз. Бірақ адамдар ашуланған кезде өздерін қалай ұстайтындығымен ерекшеленеді. Төменде адамдар ашу-ыза немесе ызаланған жағдайда олардың мінез-құлқын сипаттайтын тұжырымдар көрсетілген. Өтініш, әрбір тұжырымды оқыңыз. Жауап нұсқасын таңдаңыз (1-ден 4-ке дейін), сізде жалпы қандай реакция болатындығын. Ойлануға тым көп уақыт жұмсамаңыз және мұнда жақсы немесе жаман жауаптар жоқ екенін есте сақтаңыз.

*3-кесте. Адамдардың ашу және ыза жағдайындағы әрекеті*

21	Мен өз ашуымды бақылаймын	1	2	3	4
22	Мен ашуымды көрсетемін	1	2	3	4
23	Менде ашу орын алады, оны шығара алмаймын	1	2	3	4
24	Мен ортама шыдамдылық танытамын	1	2	3	4
25	Мен жабырқаулы және тұнжыраған күйде жүремін	1	2	3	4
26	Мен адамдардан алшақтаймын	1	2	3	4
27	Мен ортамдағы адамдарға ащы ескертулер жасаймын	1	2	3	4
28	Мен ашуымның шығуына жол бермеймін	1	2	3	4
29	Мен есікті тарс жабуым мүмкін	1	2	3	4
30	Мен ашуымды шығара алмағандықтан, ұзақ уақыт бойы ызаланып жүремін	1	2	3	4
31	Мен өз әрекетімді бақылауда ұстаймын	1	2	3	4
32	Мен ортамдағы адамдармен ұрсысамын	1	2	3	4
33	Мен ешкімге айтпайтын реніштерімді жинап жүруге бейіммін	1	2	3	4
34	Егер мені біреу ашуландырса, мен ол ренішті жайдан-жай ұмытпаймын	1	2	3	4
35	Мен өзімді басқара алмай қалудан алшақ ұстаймын	1	2	3	4
36	Мен ренішімді жасырып қаламын	1	2	3	4
37	Мен әдеттегіден әлдеқайда ызалы боламын, оны мойындаймын	1	2	3	4
38	Мен барлығын ішімде ұстаймын	1	2	3	4
39	Мен жиренішті нәрселер айтамын	1	2	3	4
40	Мені ештеңе ашуымды көрсетуге итермелей алмайды	1	2	3	4
41	Мен ортамдағы адамдар байқағаннан әлдеқайда көбірек ашуланамын	1	2	3	4
42	Мен өз-өзімді басқара алмай қаламын	1	2	3	4
43	Егер мені біреу ренжітсе, мен оған барлығын айтып, жайып саламын	1	2	3	4
44	Мен өзімнің ызамды бақылауда ұстаймын	1	2	3	4

Зерттеу жеке және топта жүргізілуі мүмкін. Зерттеу жетекшісі сұрақтарға жауап беруді сұрайды және әрбір сұраққа жауаптың төрт нұсқасы болуы мүмкін екендігін еске салады.

*4-кесте. Сауалнамаға кілттер*

<b>ШКАЛА</b>	<b>ПІКІР НӨМІРЛЕРІ</b>
<b>Агрессия өзекті жағдай ретінде</b>	<b>1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10</b>
<b>Агрессия ерекшелік ретінде</b> (тұлғалық ерекшелік)	<b>11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20</b>
<b>Агрессия темперамент ерекшелігі ретінде</b>	<b>11, 12, 13, 16</b>
<b>Агрессия мінез ерекшелігі ретінде</b>	<b>14, 15, 18, 20</b>
<b>Сыртқы агрессия</b> (гетероагрессия)	<b>23, 25, 26, 30, 33, 36, 37, 41</b>
<b>Ішкі агрессия</b> (аутоагрессия)	<b>22, 27, 29, 32, 34, 39, 42, 43</b>
<b>Агрессияны бақылау</b>	<b>21, 24, 28, 31, 35, 38, 40, 44</b>

## ТАҚЫРЫПТЫҚ АППЕРЦЕПТИВТІ ТЕСТ (ТАТ) (Г.МЮРЕЙ, К.МОРГАН)

Тақырыптық апперцептивті тестін (ТАТ) 1930 жылы Гарвардта Генри Мюррей және Кристиан Морган әзірлеген жобалық психодиагностикалық әдістеме. Әдістеменің мақсаты жеке тұлғаны қозғаушы күш – ішкі шиеленістер, ойын-сауықтар, мүдделер мен мотивтерді зерттеу болып табылады [20].

### ТЕСТТІҢ МӘНІ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ

Тақырыптық апперцептивті тест (ТАТ) ақ түсті картондағы ақ-қара түсті бейнелері бар 31 кестенің жиынтығы ретінде көрініс табады. Кестелердің бірі – таза ақ парақ. Зерттелетін адамға осы жиынтықтан белгіленген тәртіпте 20 кесте ұсынылады (оларды таңдау зерттелетін адамның жынысымен және жасымен анықталады). Оның міндеті әрбір кестеде көрсетілген жағдайдың негізінде сюжеттік әңгімелер құрастыру болып табылады.

Психодиагностикалық міндеттерден басқа, ТАТ қандай да бір жеке айнымалыларды (көбінесе мотивтерді) тіркеу құралы ретінде зерттеу мақсатында қолданылады.

### ТЕСТІЛЕУ ПРОЦЕСІ

ТАТ көмегімен толық тексеру 1,5-2 сағат уақыт алады және әдетте 2 сеансқа бөлінеді. Салыстырмалы түрде қысқа әңгімелерде барлық 20 әңгіме бір сағатта айтылып бітуі мүмкін. Кері жағдайдың орын алуы да мүмкін – екі сеанс жеткіліксіз және 3-4 кездесу өткізуге тура келеді. Барлық жағдайда, сеанстар саны біреуден артық болса, олардың арасында 1-2 күн үзіліс жасалады. Қажет болған жағдайда үзіліс ұзағырақ болуы мүмкін, бірақ бір аптадан аспауы тиіс. Бұл ретте тексерілуші картиналардың жалпы санын да, келесі кездесу кезінде сол жұмысты жалғастыру керек екенін де білмеуі керек – әйтпесе ол өз әңгімелері үшін алдын ала сюжеттер дайындайды. Жұмыстың басында психолог алдын ала үстелге (бейнені төмен қаратып) 3-4 сурет салады, со-

дан кейін қажет болған жағдайда кестені алдын ала дайындалған ретпен үстелден немесе сөмкеден алады. Суреттердің саны туралы сұраққа жауап беріледі; сонымен бірге жұмыс басталар алдында тексерілуші оның кемінде бір сағат созылатынына көңіл аударылуы тиіс. Тексерілушіге басқа кестелерді алдын ала қарауға рұқсат етілмейді.

Тексеру жүргізілетін жалпы жағдай үш талаптарға сай болуы тиіс:

- Мүмкін болатын барлық кедергілер жойылуы тиіс
- Зерттелетін адам өзін жеткілікті жайлы сезінуі керек

Психологтың жағдайы және мінез-құлқы зерттелетін адамның қандай да бір мотивтері мен нұсқауларын өзектендірмеуі тиіс.

## **НҰСҚАУЛЫҚ**

### **Нұсқаулық 2 бөлімнен тұрады.**

**Бірінші бөлімді** жатқа оқу керек, сонымен қатар тексерілушінің ықтимал наразылықтарына қарамастан екі рет қатарынан: «Мен сізге картиналарды көрсетемін, сіз суретке қарап, оған сүйене отырып, әңгіме, сюжет, тарих құрыңыз. Бұл әңгімеде не туралы айтқыңыз келетінін есте сақтаңыз. Сіздің ойыңызша, суретте осы сәтте не жағдай бейнеленгенін, адамдардың не істеп жатқаны туралы айтуыңыз керек. Сонымен қатар, осы сәтке дейін не болғанын, осы жағдайға дейін оған қатысты не болғанын айтуыңыз керек. Содан кейін, бұл жағдайдан кейін, болашақта оған қатысты ненің болатындығын айтуыңыз керек. Сонымен қатар, суретте бейнеленген адамдардың немесе олардың біреуінің уайымдары, эмоциялары, сезімдерін сипаттап беруіңіз керек. Сондай-ақ, суретте бейнеленген адамдар не ойлайды, олардың пайымдаулары, естеліктері, ойлары, шешімдері қандай екендігін әңгімелеуіңіз қажет». Нұсқаулықтың бұл бөлігін өзгертуге болмайды.

### **Нұсқаулықтың екінші бөлігі:**

- «дұрыс» немесе «бұрыс» нұсқалар жоқ, нұсқаулыққа сай келетін кез келген әңгіме жақсы;
- Сіз әңгімеңізді кез келген тәртіпте айта аласыз. Әңгімені түгелімен алдын ала ойластырмау керек, бірден ойыңызға не келеді, содан бастай беру керек, қажет болған жағдайда өзгерістер немесе түзетулерді кейін енгізуге болады;

- әдеби өңдеу, әңгіменің әдеби болуы талап етілмейді, бағаланбайды. Ең бастысы, әңгіме не туралы болып жатқандығы түсінікті болса болды. Қандай да бір жеке сұрақтарды әңгіме барысында қоюға болады.

Тексерілуші нұсқауды түсінгенін растағаннан кейін оған бірінші сурет беріледі. Егер бес негізгі тармақтың біреуі оның әңгімесінде болмаса, онда нұсқаулықтың негізгі бөлігін тағы бір рет қайталаған жөн.

Екінші әңгімеден кейін, егер онда бәрі айтылмаса, солай жасауға болады. Үшінші әңгімеден бастап нұсқаулық қайта еске салынбайды, ал әңгімеде қандай да бір сәттердің болмауы диагностикалық көрсеткіш ретінде қарастырылады. Егер зерттелетін адамдар сұрақтар қойса, «Мен бәрін айттым ба?» деген сияқты, онда оларға жауап беру керек: «Егер сіз бәрін айттым деп ойласаңыз, онда планшетті жабыңыз, келесі суретке көшіңіз; егер әңгіме біткен жоқ және бірдеңені қосу керек деп ойласаңыз, тағы айтарыңызды қосыңыз».

## **НӘТИЖЕЛЕРДІ ТАЛДАУ**

Г.Линдзи ТАТ-тың ұйғарымынша құрылатын бір қатар негізгі жорамалдарды бөледі.

Бастапқы жорамал – бұл аяқталмаған немесе құрылымдалмаған жағдайды аяқтайды немесе құрылымдай отырып, индивид өзінің ұмтылысын, жоспарлары мен шиеленістерін көрсетеді.

Ұсынылған 5 жорамалдар неғұрлым диагностикалық ақпараттық әңгімелерді немесе олардың фрагменттерін анықтаумен байланысты.

- оқиғаны құрастыра отырып, әңгімелеуші әрекет ететін тұлғалардың бірімен өзін сәйкестендіреді. Осы кейіпкердің қалаулары, ұмтылыстары және шиеленістері оның қалауларын, ұмтылыстарын және шиеленістерін бейнелуі мүмкін;

- кейде әңгімелеушінің диспозициялары, ұмтылыстары мен шиеленістері айқын емес немесе символдық түрде көрсетіледі;

- әңгімелер импульстер мен шиеленістерді диагностикалау үшін әртүрлі мәнге ие. Біреуі маңызды диагностикалық материал болуы мүмкін, ал екіншісінде мәні өте аз немесе мүлдем болмауы мүмкін;

- ынталандыу материалынан тікелей туындайтын тақырыптар көтермелеуге тікелей байланысты емес тақырыптарға қарағанда маңызды емес;

- тақырыптар қайталануы әңгімелеушінің импульстері мен шиеленістерін көрсетеді.

Тағы 4 жорамал мінез-құлықтың басқа аспектілеріне қатысты әңгімелердің жобалық мазмұнындағы тұжырымдармен байланысты.

Әңгімелер тұрақты диспозициялар мен шиеленістерді ғана емес, сонымен қатар ағымдағы жағдайға байланысты өзекті оқиғаларды да көрсете алады. Әңгімелер субъектінің өткен тәжірибесінде болған оқиғаларды көрсете алады, онда ол қатыспаған, бірақ олардың куәгері болған, олар туралы және т.б. оқыған болуы мүмкін. Әңгімелерде жекелеген, топтық және әлеуметтік-мәдени ұстанымдар көрініс табуы мүмкін.

Әңгімелерден шығуы мүмкін диспозициялардың және шиеленістердің әңгімелеушінің мінез-құлқында немесе санасында көрініс табуы міндетті емес.

1-суретте сыналушымен жұмыс жасауға арналған ТАТ бойынша ынталандырушы материал көрсетілген.

*1-сурет. ТАТ бойынша ынталандырушы материал*







## ВАГНЕРДІҢ «ҚОЛДАР» ТЕСТІ

### НҰСҚАУЛЫҚ

Вагнердің қолдар жобалық тестінде тоғыз қол бейнесі бар. Оныншы карточка бос. Салыстырмалы 10 карточка, сыналушыға алдымен қолын елестету ұсынылады, содан кейін осы қимылда қолдың не істей алатындығын сипаттау сұралады.

Сыналушыға он карточкалар бірінен соң бірі ұсынылады және олар берілетін реттілік пен ереже стандартты. Бұл ретте сыналушыға мынадай сұрақ қойылады: «Сізге ұсынылған суреттерді мұқият қарап, ойыңызша, бұл қол не істеп жатқанын айтыңыз?». Егер сыналушы жауаппен қиындықтарға тап болса, оған мынадай сұрақ ұсынылады: «Сіз бұл қол тиесілі адам не істейді деп ойлайсыз?» Осындай қолы бар адам не істей алады? Елестете алатын барлық нұсқаларды атаңыз».

#### *Ескерту*

- Суреттер белгілі бір ретпен және бір тәртіпте көрсетіледі;
- Анық емес және мәні әртүрлі жауаптарда түсіндіріп беруді сұрайды, «Жақсы, тағы не?» деген сұрақ қояды, бірақ ешқандай спецификалық жауаптарды таңдауға мәжбүрлемейді. Егер экспериментатор оның іс-әрекеттері қарсылыққа тап болғандығын сезсе, басқа карточкаға өту ұсынылады;
  - карточка суретті кез келген тәртіпте ұстауға болады;
  - карточка бойынша жауап нұсқаларының саны сыналушының қарсылығын тудырмас үшін шектелмейді және ынталандырылмайды. Төрт жауап нұсқасын алу керек. Егер жауаптардың саны аз болса, қолдың осы суреті бойынша тағы бір нәрсе айтуды қалайтындықтарын немесе қаламайтындықтарын анықтап аласыз, ал хаттамада, мысалы, жауаптың жалғыз нұсқасында \*4 белгісімен оның белгісі қойылады, яғни бұл жалғыз баламасыз жауап бір ұпайдың орнына төрт ұпаймен бағаланады;
  - жауаптың белгісіздігін барынша төмендету барлық мүмкін жағдайларда маңызды (егер сыналушы наразылық білдірмесе),

«біреу, бір нәрсе, біреуге» сияқты жауаптардың мәнін толықтыру керек және т.б.;

- жауаптардың барлығы хаттамада тіркеледі. Жауаптарды жазумен қатар тексерілушінің карточканы ұстау тәртібі, сондай-ақ стимул ұсынылған сәттен бастап жауап басталғанға дейінгі уақыт тіркеледі.

Тесттің бірінші мақсаты – айқын агрессивті мінез-құлықты болжау. Соққы (отбасылық шиеленіс), төбелес, жиһазды бұзу мақсатында заттарды лақтыру сияқты «көріністер» бойынша ұпайларды есептеу агрессивті аттитюдтердің әлеуметтік ынтымақтастықты немесе тәуелділікті білдіретін аттитюдтардан басым болған жағдайларда айқын агрессивті мінез-құлық ықтималдығы артады деген қағидатқа негізделген [21].

#### 5-кесте. Тестті интерпретациялау

Атауы	Интерпретация
<b>Агрессия (Аг.)</b>	Бұл қол шабуыл жасаушы, жарақаттаушы, зиян келтіруші, агрессиялық басымдыққа ие болушы немесе басқа тұлғаны немесе затты белсенді түрде қармаушы ретінде көрініс табатын жауаптар. Мысалы: «шапалақпен тартып жіберетін», «ұратын», «китеретін», «мұрыннан тарпа бас салатын», «масаны өлтіретін», «басып алушы», «қысатын», «біреудің көзін шығарушы», «баланы шапалақтайтын», «біруді шымшитын», «ұруға дайын», «төбелеске қатысатын», «ұстап алуға дайын», «жыланды ұстап алушы», «жәндікті ұстаушы» қол.
<b>Директивтілік (Дир)</b>	Бұл санат қол жетекші, басқа тұлғаны құртушы немесе оған ықпал етуші ретінде көрініс табатын жауаптар. Директивтіліктің мысалы мынадай жауап бола алады: «Тоқта!» деп айтатын адам, «ескерту», «нұсқаулар беру». Бұл категорияның жауаптары басқа адамдарға қарағанда артықшылық сезімі бар екенін көрсетеді. Адамдарға деген қарым-қатынас басқалардан пайда алуға дайындығын көрсететін қарым-қатынас емес, керісінше, басқалардың қолының ниетімен келісілуі керек.
<b>Қорқыныш (К)</b>	Осы топтың жауаптары жазалаудан қорқуды бейнелейді. Олар анық агрессивті әрекеттің ықтималдығын азайтады. Бұл жауаптардың тым көп болуы анық агрессивті мінез-құлық ықтималдығын арттырады деп болжауға болады. Қорқыныш санаты оның иесіне бағытталған табиғи зорлық-зомбылықтың алдын алуға тырысуды көрсететін жауаптарды қамтиды

Атауы	Интерпретация
<b>Аффектация (Аф)</b>	Осы санат қол тиімді ишара немесе аффективті тілектес ишара ретінде көрініс табатын жауаптарды қамтиды. Қолдар достықты немесе басқаларға көмек ұсынушы (сұраушы және алушы емес) болып көрініс табады. Мысалдар: «сәлем» – қол біреуді достық ишарада арқасынан қағады; «қол алысу», «қош келдіңіз»; итті арқасынан ұрушы қол; қайырымдылық жәшігіне ақша лақтырушы; балаға көмек беруге қолың; біреуге гүл ұсынушы. Дегенмен, осы жауаптардың көпшілігі тікелей қарым-қатынасты қосқанымен («Коммуникация» категориясының жауаптарымен ұқсас болуы мүмкін), олардың барлығы ниеттестігімен және аффектациямен сипатталады.
<b>Коммуникация (әңгімелесу, Ком)</b>	Қол тең болып көрінетін немесе коммуникатордан асып түсетін тұлғаман араласуға тырысатын немесе әңгімелесушіден мүлдем тыс жауаптар. Осындай жауаптарда «қиындықтарды бөлісуді қалаудың», «басқаларды оны түсінуі және қабылдаушы ретінде және т.б. қажеттілік арқылы көрініс табады. Мысалдар: «әңгіме кезінде қатыгездік таныту», «ақпаратты жолдау», «қолдар арқылы әңгімелесу», «қоштасуды білдіретін қол ишарасы» және т.б. қажеттілік ретінде көрініс табады.
<b>Тәуелділік (ТК)</b>	Бұл санат қол басқа адам тарапынан белсенді немесе пассивті қолдау немесе көмек іздейтін және басқа адамдар тарапынан мейірімді қарым-қатынас қажет екендігін білдіретін жауаптарды қамтиды. Санатқа қолдың өзін басқаларға бағындыруын көрсететін жауаптар кіреді, ол мына жауапта көрініс табады: «амандасушы қол». Осы жауаптың психологиялық түсіндірмесін мынадай түрде қарастыруға болады: осындай жауаптардың саны неғұрлым көп болса, соғұрлым сыналудың уақыт, назар, жауапкершілік қажет. Осылай жауап беруші адамдар басқалардың тарапынан қолдауды белсенді түрде іздейді, оларға басқа адамдар өз «назарын және уақытын бөлуі міндетті түрде керек» деп күтеді. Жиі осылай жауап беретіндер – маскүнемдер және өмір деңгейі төмен адамдар. Мысалы: «қол ұшын беруді сұрау», «жолай көліктерде саяхаттау», «тепе-теңдікті жоғалтып алмас үшін басқаны ұстаған баланың қолы», «көмек сұрау», «біреу бірдеңе аламын деп күтеді».
<b>Экспозиционизм (лат. «ұсыну»)</b>	Осы санат қолдың өзін қандай да бір әдіс арқылы көрсететін жауаптарды қамтиды; әдейі өзін көрсетеді. Жауап мысалдары: «біреуге өзінің қолын көрсетеді», «тырнақтарына қызыға қарайды», «пианинода ойнайды», «билейді», «тырнақтарындағы лакты көрсетеді», «әйел назар аударту үшін өз қол ұшын созады», «сақинасын көрсету үшін қолын тік ұстау. Осы әрекетке үрдістер өзінің сипаты бойынша экспозиционистік болып табылады.

Атауы	Интерпретация
<b>Мүгедек (Мүг)</b>	Осы санатқа деформациялаған, зақымданған, залал келтірілген және т.б. әрекеттер кіреді. Мысалдар: «артрит жұқтырған қол», «бұзылған үлкен тырнақ, сынған білек», «деформацияланған тырнақтар, «науқас және өліп бара жатқан адамның қолы», «бүгілген қол», «саусақтардың бірі сынған сияқты көрінеді», «табиғи жараланған қол». Осы жауаптар табиғи бірегейсіздік сезімін көрсетеді
<b>Белсенді жақсыз (Б-ж)</b>	Қозғаушы белсенділік. Осы санатқа қолдың өзінің табиғи орнын ауыстыратын және ауырлық күшіне қарсыласатын әрекеттерге үрдісін көрсететін жауаптар кіреді. Жауап мысалдары: «бұлғау» (қоштасу белгісі емес, «коммуникация» санатын білдіреді), «инеге жіп салу», «сүйреу», «шағын затты таңдау», «жазу», «бірдеңе жеткізу», «тоқу», «тігу», «жүзу», «бірдеңені лақтыру», «бірдеңені жинау»
<b>Пассивті жақсыз (П-ж)</b>	Пассивтілік. Осы санатқа қол өзінің табиғи орнын ауыстырмайтын және ауырлық күшіне пассивті түрде бағынатын әрекетке үрдісін көрсететін жауаптар кіреді. Мысалдар: «демалып жату», «қозғалмай созылу», «тырнақтарын кептіру», «бірдеңені құлату», «күту»
<b>Сипаттау (С)</b>	Осы санатқа қолдың табиғи сипаттамасы болып табылатын жауаптар кіреді. Әрекет немесе кинестетикалық ассоциацияларға үрдіс жоқ. Жауап мысалдары: «әдемі қол», «сұмпайы қол»










Нәтижелерді есептеу кезінде жауаптар жиынтығының арақатынасын білдіретін коммуникативті-агрессивтілік коэффициентін есептеу ұсынылады:  $Ag+Dir$  және  $Com+C+Af+Zav$  жауаптары.  $Ag+Dir/Com+Қ+Аф+Зав$  қатынасы аз болған сайын, соғұрлым адам агрессивті бағытталған болады.

Егер сурет бойынша бір ғана жауап берілген жағдайда, оның белгісін хаттамада  $x \cdot 4$  белгісімен қою ұсынылады, яғни бұл баламасыз жауап іс жүзінде бір ұпайдың орнына 4 ұпаймен бағаланады.

$Ag+Dir / Com + Қ+Аф+Зав$  көрсеткіші арасындағы белгілі тұлға-аралық қарым-қатынас сауалнамасындағы өшпенділік-достық арақатынасына шамамен сәйкес келеді және айналаны не агрессивті-басым, не достық немесе басқа адамдарға тәуелділік ретінде интерпретациялау бейімділігін көрсетеді.

2-суретте Вагнердің «Қолдар» тестін өткізуге қажетті тақырыптық материал ұсынылған.

*2-сурет. Тесттік материал*

 1-сурет	 2-сурет	 3-сурет	 4-сурет
 5-сурет	 6-сурет	 7-сурет	 8-сурет
 9-сурет	№10 бос карточка		

## БАҒДАРЛАМАҒА ҚАТЫСУШЫЛАР ҚОЛ ҚОЯТЫН АҚПАРАТТЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҮЛГІСІ

### АҚПАРАТТАНДЫРЫЛҒАН КЕЛІСІМ

Мен осы ақпараттық келісімнің мәтінімен толық таныстым  
Мен туралы ақпарат беруге ерікті түрде келісім беремін:

Аты-жөні \_\_\_\_\_

Нақты тұрғылықты жері: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Тіркелген: \_\_\_\_\_

Байланыс телефондары: \_\_\_\_\_

Өмірлік жағдайының қысқаша сипаттамасы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(Ұйымның атауы)

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 201\_ г.

\_\_\_\_\_ (қолы)

Ақпараттық келісімді қабылдаған \_\_\_\_\_

(Аты-жөні және лауазымы)

Байланыс телефондары \_\_\_\_\_

## КЕҢЕС БЕРУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Күні \_\_\_\_\_

Консультант \_\_\_\_\_

Әңгіменің негізгі тұстары (клиенттің сезімін қоса алғанда) \_\_\_\_\_

---

---

---

---

---

---

---

---

---

---

Әңгіменің қорытындысы \_\_\_\_\_

---

---

---

---

Консультантың сезімері мен өзін сезінуі \_\_\_\_\_

---

---

---

---

---

Басқа қызметкерлерге арналған ақпарат \_\_\_\_\_

---

---



## БАСЫМДЫЛЫҚ ЖУРНАЛЫ

**АТЫ** (баспа әріптерімен) \_\_\_\_\_

**КҮНІ** \_\_\_\_\_

**1. Әрекет:** Бірге тұратын адамға агрессивті әрекетіңізді қысқаша сипаттап беріңізші (*зорлық-зомбылық формасы, ауырлық, жалғасу және жарақаттар*)

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**2. Сіз не сезіндіңіз?** (*ыза, ашу және өзге де сезімдер*) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**3. Ниеттер:** Осы әрекеттер арқылы Сіз неге жеткіңіз келді?

Сіз оның қандай басқа әрекетін күттіңіз? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**4. Салдарлар:** Зорлық-зомбылықтың немесе агрессивті әрекеттің салдарлары қандай болды?

Ол үшін?

Сіз үшін?

Басқалар үшін?

**5. Бұрын болған зорлық-зомбылық/агрессия жағдайлары:** Алдыңғы жағдайларда сияқты зорлық-зомбылық/агрессия осы жағдайға ықпал етті?

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

**6. Басым емес әрекет:** Жағдайды агрессиясыз шешу үшін нені басқаша істеуге болатын еді? \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_